Шығармашылық перформансшы үшін алдымен жаңа шылдық, одан кейін батыл кірісетін ұstemдік, қақтығыс. Оның актуалист суретшілермен мотивсіз террор ретінде қолданылуы көрмененге тікелей шабуыл жасаумен бірдей. «Шығарма метафорасы – жарылыстан кейінгі тұтіннен ыңырысған және ес-түсіз вокзал, жолдағы қаперсіз олу, жағадағы апат. Енді ешкім сатып алған билетпен өз бағытында кете алмайтындық. Өнер – бұл мәжбүрлеу формасы, сондықтан мәжбүрлеу өте нәзік болуга тиіс. Мәжбүрлеу құштарлыққа толы болуы керек. Мәжбүрлеу қауіпті болуы керек» [3, 2 б.]. Біз жоғарыда постмодернизм өнері барлық өткен кезеңдерге пародия болып енү барлық шығармашылықтың ізденістеріндегі ойды ойын аясы деген қабылдауга, әлем картинасы мен көркемдік әрекет арасында түйісу нұктесіне мән бермеу, өзін бекітуді абсолюттендіруде, өзіне деген аутентикалық күлттеге тырысатындығы туралы айтқанбыз.

Шамандық сарынға жақын ізденетін авангардшыл суретші Молдағұл Нарымбетов шығармашылығы «Айғөлек» атты көрмеде бұрынғыдан мүлде өзгеше материалда орындалған «Скарабей қоңыз», «Балбалдар» тәрізді автомобиль донғалақтарынан кесіп жасалған мүсінде ме тәрізді инсталляциялар қояды. Өркениеттің соңғы тоқталған жетістігі, әрі қоқыс калдығы – кара резиналарды жаңа бейнелеу тілінде сөйлету арқылы суретші мифтік санамен емес, әлеуметтік тұрғыда тенденциялар талап етуімен өз ойын тұжырымдаған. Оның «қара-резинаны» қолдануы – авторитаризмге қарсылық; «қара-резина» картина-

ларға, балбалдарға (тарихи артефактілер) «жиек» ретінде қағылудан басталып, қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте үкім құрған «заттар әлемінің» «адам әлемін» жаулауы, базар мен нарық адамның өлшеміне айналуы, тұтынушылық психология оның болмыстық негіздерін көленкелейтіндігі көкейкесті қорсетілген, ол «салондық» шығармаларға қарсылық, тіпті астарлы түрде таптық-әлеуметтік бөлінуге наразылық шеруін білдіреді .

Қазіргі заман өнерінің Сорос Орталығы негізінде Алматыда ең алғаш рет жаңа технологияларды қолданатын жаңа өнер түрлерін енгізу жобасы өткізілді. «Коммуникациялар. Өзара әсерлесу тәжірибелері» атты жобаға сәйкес Сорос Орталығында ұйымдастырылған «Жаңа медиалар зертханасында» оқытылып және өздерінің жеке жобалары көрмеде Қазақстан суретшілері бейнеарт бойынша шығармалары ретінде тұнғыш рет көрсетілді. Қазіргі заман өнеріндегі барлық авангардтық бағыттар (алдыңғы модернизм, модернизм, неомодернизм, постмодернизм) көркем образдың әртүрлі қырларына мән бере отырып окушының, көрерменнің, тыңдаушының рецептивті белсенділігін арттырады, сонымен қатар, оларды авторға бара-бар көркем мәтінді жасаушы етеді. Сөйтіп, мәтін интерпретациясы процесінде реципиентті көркем мағынаны жасаған автордан да едәуір маңызды құқыққа иелендіреді. Барлық авангардтық бағыттарда автормен жасалған көркем мәтін – ол полуфабрикатты тек реципиенттің интерпретаторлық белсенділігімен көркем өнімге айналдырылады екен.

1. Хайдеггер М. Искусство и пространство // Самосознание культуры и искусства XX века. Западная Европа и США. – М.: СПБ.: Университетская книга, 2000. – С. 105-113.

2. Малютин А. Современное искусство как равенство различного // <http://historic.ru/books/item/f00/s00/z0000022/st105.shtml>

3. Бақыттың жоқтау. Айғөлек. Реквием по мечте // Алматы: Государственный музей искусств им. А. Кастеева, 2009. – 34 с.

Резюме

Халыков К.З. – проректор ҚазНАИ им. Т.Жургенова., филос.э.д., kabylkh@gmail.com

Измененный диалог между зрителем и произведением: креативное отношение

В статье рассматривается художественный текст как связующий элемент произведения искусства. Сложность его объясняется тем, что за художественным текстом стоят и реальность породивший текст эпохи, и реальность эпохи, современной реципиенту, и личность автора, и то, что он хотел сказать, и то, что сказалось и смысл темных мест, скрытых от прямого понимания.

Ключевые слова: единство многообразия, реципиент, «contemporary art», художники, измененный диалог.

Summary

Khalykov K. – Vice-Rector for Research T.Zhurgenov KazNAA, D-r. of Philosophical Science (PhD), kabylkh@gmail.com

Dialog change between the viewer and work: creative attitude

The article deals with the Artistic Text as a binding element of between the Recipient and of Art. The complexity of it is because of the Artistic Text are and the Reality gives to rise the text of the era, and the reality of the era, the modern recipient and the identity of the author, and what he wanted to say, and what the impact and meaning of the dark places, hidden from direct understanding.

Keywords: the unity of the manifold, the recipient, «contemporary art», the artists, changed the dialogue.

УДК 1174

СТУДЕНТТЕРГЕ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ГРАФИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ САПАНЫ ДАМЫТУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бодиков С.Ж., Кожиков Ж.А., Карипбаев Ж.Б. -

Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Жоғары оқу орындарында шығармашылық графикалық білім берудегі сапаны дамытуды қалыптастыруды студенттерге графикалық және жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыруды оқу және шығармашылық тапсырмалар жүйесі негізгі құрал болып табылады.

Мақалада оларды орындау қажетті жоғары деңгейдегі графикалық білімдері мен іскерлігін менгеруді қамтамасыз етуді, графикалық білім берудегі сапаны дамытуды қалыптастыруды-графикалық қабілеттілікті дамытуды көрсету қарастырылған.

Түйін сөздер: өнер, студенттер, көркем білім.

Жоғарғы білім беру саласында графикалық пәндерді оқытатын инженерлік ғылымдарды басымдықпен дамыту - бұл экономикалық дамудың жаңа кезеңінің міндетті шарты. Оқытудың мазмұны мен сапасын білім берудің дүние жүзілік деңгейіне көтеру мақсаты көзделді. Университеттік білімнің ғылыми деңгейінің артуы студенттерден күрделі теориялық ұғымдарды, идеяларды игеруді білу қабілеттерін дамытуды талап етеді.

Жоғарғы білімнің негізін құрайтын басқа да ғылымдар тәрізді графика және жобалау пәнін оқыту да үнемі ілгері басып, дамып, толығып, жетіліп келе жатқан ғылым. Ғалымдарымыз оның мазмұны мен әдістерін кеңейтіп, жаңа нағијелермен байытуда. Графикалық пәндерді оқыту ілгері дамытуға итермелейтін қозғаушы күш - өмірдің өзінен, жаратылыстану мен техника, құрылым мұқтажынан туып отырган қажеттілік.

Соңғы жылдары ғылыми – техникалық прогрессің жедел қарқынмен дамуына байланысты графикалық пәндерді оқытудың сапасын бақылау және тиімділігін арттырудың қофамдағы алатын рөлі артты.

Қазіргі замандағы әлемнің ең бәсекеге қабілетті елдерінің қатарына кіруін қамтамасыз етуге қабілетті болатындағы өскелен ұрпаққа графикалық пәндерді оқытудың басты мақсаты - студенттердің инженерлік-графикалық, жобалау дайындықтарының жоғары деңгейге көтерілуін қамтамасыз ету. Ол келешекте сыйба геометрия мен сыйудан алған білімдерін мектепте қолдануға мүмкіндік береді. Жүргізілетін барлық сабак түрлерімен және графикалық жұмыстарды тексеру, оқу сапасын бақылау, ғылыми-әдістемелік жұмыстардың негізгі болып табылады.

Графикалық пәндерді оқытудың сапасын бақылау оқу іс-әрекетінің үш түрімен: дәрістермен, тәжірибелік сабактармен және графикалық жұмыстарды тексерумен айқындалады.

Дәріс сабагын өткізу әдістемесі. Онда дәріс жоспарының болуы және оның орындалуы. Баяндайтын материалдардың мазмұнын бақылау және оның жұмыс бағдарламасына сәйкес келуі. Дәрісті оқу кезіндегі әдістемесі: қарқын, сөйлемнің айқын айтылуы (дикция), ойды тұжырымдаудың айқындығы, қорытындылау мен дұрыс анықтама беру, тактада графикалық тұрғызуларды сапалы тұрғызу, слайдтарды көрсету, студенттердің оқылған материалдарды игеру жолын бақылау және студенттер жұмыстарының белсенділігін арттыру, ұйымдастыруши - тәрбиелік сұраптарды қою болып саналады.

Дәрісті оқу кезіндегі әдістеме үдерісін пайдалануда оқытудың мынадай жалпы ұстанымдарын қолдануға тұра келеді:

1. Өзара тығыз байланыстары материалдарды кезеңдерге бөлу. Ол оқытушының оқу материалдарын тиянақты талдауды, кезең боліктегі арасындағы өзара байланыстың ерекшеліктері мен мазмұнын анықтауды талап етеді.

2. Заттардың кескінін тұрғызу кезінде студенттердің белсенділігін арттыру, яғни студенттердің терең де, жан-жақты талдаулар машығын қалыптастыруға бағытталады.

3. Студенттердің әрбір жауабына мүқият баға беру және ол жауаптың бағасын тез хабарлап, дұрыс жауап берген болса келесі кезеңге көшу.

4. Оқудың қарқыны мен мазмұнын арттыру, яғни оқу қарқының дараландырып отыруды қамтамасыз ету.

5. Студенттердің кезең бойынша кеңістіктік графикалық қабілеттерін сезім мүшелері арқылы қабылдау, сенімділігін тексеру, яғни әрбір студенттің мүмкіндігіне қарай тапсырманың күйіндегі дәрежесін реттеуді қарастыру.

Негізгі зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мағыналығы графика пәндері сабакында студенттердің шығармашылық және кеңістікті ойлау қабілеттерін дамыту тұргысынан тиімділігін дамыту қазіргі замандағы мәселелердің бірі болып саналады.

Студенттердің өздік жұмыстарын үйімдастыру. Тапсырмаларды орындаудың жеке әдістемесі және әр студенттің ағымдық жұмыстарына бақылау жасау. Топтық түсіндіру, типтік мысалдарды шешу, студенттердің тәжірибелік мәнін зор. Сабактың қорытындылау және үйге тапсырма.

Сызба геометрия курсының дәрісі ерекше әдістеменің қажет етеді. Сызба геометрия пәні бойынша бір де бір дәріс сызбасыз өтпейді. Дәріс оқытын оқытушының көп уақытының болігінде сызбаны түсіндірумен кетеді, сондықтан басқа пәндерге қарағанда, сызба геометрияның дәрісінде сызбаны сипаттаумен етеді. Студент аудиториясындағы тәжірибелік мәнін зор. Дәріс окушы өзінің мысалы арқылы жай, содан кейін күрделі сызбаларды орындау арқылы студенттерді оқылатын курсқа алып шығады. Сызба бойынша студент геометриялық элементтердің тапсырмаларын түсінуді, олардың проекция түріндегі денелері мен байланыстарын игереді. Нүкте, түзу және басқа проекция элементтерінің тапсырмаларын менгереді. Сызба геометрия курсының басқа бір ерекшелігі студенттерге кеңістік түсінігін дамыту болып саналады.

Сонымен, сызба көмегімен кеңістіктік геометриялық тапсырмаларды шешу тәсілімен кеңістіктік фигуралардың сызбаларын орындау тәсілдерін зерттеу арқылы сызба геометрияның оқу курсы өзінің құрылымымен мазмұны жағынан графикалық пәндерді оқытын мамандарға конструкторлық – геометриялық білім беретінін білдіріміз керек.

Сыздан тәжірибелік сабактың өткізу әдістемесі. Қазіргі замандағы қоғамның қажеттілігіне сайнан оқытушының заманауи әдісі мен қалпын, білім берудің мазмұнын түбірімен өзгертуде мультимедиалық құралдардың мүмкіндігін пайдаланбай тәжірибелік сабактарды жүзеге асыру мүмкін емес.

Сонымен, тәжірибелік графикалық пәндер сабакында мультимедиалық көрсетілімнің қолданылуын анықтау кезеңінде мына міндеттердің шешімі іздейтірледі:

- графикалық тапсырманың күрделілігі мақсатын анықтау;
- нақты карточка тапсырманың тақырыбын тандау және оны жүргізуі деңгейінде теориялық тұргыда негіздеу;
- теорияда алынған мәселені графикалық жұмыстарын орындау кезінде болжамын тұжырымдау;
- мультимедиалық көрсетілім арқылы студенттердің тақырыпты түсінуін қадағалау барысында жүргізілетін жұмыс қалпын анықтау;
- студенттердің бастапқы дайындық деңгейін анықтауға қажетті әдістемелерді тандау және оның тиімділігін тексеру;
- студенттердің дайындық деңгейін жетілдіруге байланысты дидактикалық кешенді мультимедиалық көрсетілім арқылы дайындау;
- графиканың толық жетістігін беру нәтижесінде студенттердің кезең бойынша кеңістіктік графикалық менгеруде болған езгерістерді, дәстүрлі оқыту түрі айырмашылығын анықтау.

Орындалған тапсырманың тақырыбы және оны тапсыру уақыты. Сабакта студенттердің өздік жұмыстарын үйімдастыру. Графикалық жұмыстың орындалуының мәдениеті. Студенттердің сызбасын тексеру әдістемесі: кезеңмен орындалуы, белсенділігі, ұқыптылығы. Фронтальді топтық оқу және үйімдастыруышы - тәжірибелік сұраптары.

Сонымен, сабактар туралы жасаған талдауымыз жинақтық сипат береді, сонымен қатар кез келген сабак түрінің міндетті белгісі ретінде табысты жүргізілуі оның сандық және сапалақ айтылуының жоспарына байланысты (дәріс жоспары, барлық студенттердің тексерілуге жататын сызбаларының жоспарларын тапсырмаларының саны және т.с.с.) [2]. Бұл жайдан - жай тәжірибелік сабактарға берілген үлкен мағына емес. Сабакқа қатысады тәжірибе көрсеткендегей тәжірибелік сабактарды жүргізуедегі жоспарды дайындау және жүзеге асыруға қажетті лайықты қоніл жиі бөлінбейді, сондықтан оның маңыздылығын төмендетуге әкеліп согады.

Кез келген сабактың әдістемесін бағалаудың бас критерийі студенттердің белсенділік дәрежелерінің жоғары болуын ескеру болып саналады. Студенттердің сызбаларын тексеру үрдісі кезінде, студенттермен дәрістік материалды баяндау әдістемесінде, тәжірибелік сабакты жүргізуде және пікірлесуде жоғары оқу орнында оқытушың негізгі мақсатының бірі - студенттердің өздігінен оқуға үйретуге барынша мүмкіндік туғызу керек. Сондықтан сабакта студенттерді шығармашылық ойлауга сезімін оятатын проблемалық жағдайларды туғызуудың біз барынша мадақтауымыз керек.

Сызу курсының бөлімдерін менгеруде, сызу тапсырмаларын орындау кезінде, студенттер қателер жіберуі мүмкін. Осы қателерді оқып және оның шығу себебін білгенмен кейін оны ескертіп, курсты сапалы үйретуге ықпал етіп, мынандай мақсат қоюға болады: барлық графикалық тапсырмаларды орындау кезінде студенттердің қателерін жазып алу, типтері бойынша қателерді топтастыру, қателердің

шығу себептеріне талдау жасау, кейбір нұсқауларды дайындау және ендіру, сызу курсын оқып үйренуге айрықша ықпал етеді.

Сызу курсын оку кезінде студенттердің жіберетін қателерін келесі түрде топтастырады:

1. Сызбаны рәсімдеудегі қателер (пішімдер, сызба сызықтары, негізгі жазулар т.с.с.).

2. Кескінді орындаумен байланысты қателер (бас көріністі таңдау, кескіннің саны, тіліктер мен қималарды қолдану).

3. Өлшем коюдағы қателер.

4. Кедір - бұдырларды белгілеудегі қателер.

5. Тісті дөңгелектерді, шпонкаларды, бұрандаларды кескіндеу кезіндегі қателер.

Студенттердің графикалық жұмыстардағы жіберетін қателерін ұқыпты оқып және талдап қорытқаннан кейін, қателердің мынандай негізгі себептерін анықтауға болады:

1. Бірінші курска түскен студенттердің көпшілігі мектептегі сызу курсын нашар игерген.

2. Студенттердің көптеген бөлігінің сызу курсының тапсырмаларындағы теориялық материалдарды және мемлекеттік стандарттарды терең талқылауы жеткіліксіз.

3. Оқыту кезінде көрнекілікті жеткіліксіз пайдалану.

4. Себептің бірі жоғары оку орындарындағы педагогиканың әлсіздігі. Егер оқушы мектепте оку жүктемесінің анықтұратын тәртібіне үйренген болса, мұнда бірінші курс студенттері өзінің енбегін өз бетімен жоспарлауға дайын емес болғандықтан ол жұмыста бірқалыпсыздыққа әкеліп соғады [3].

5. Ұқыпсыздық, ынталысдық.

Осы қателердің шығу себептерін зерттей келе мынандай ұсыныстарды кіргізуге болады. Бұл ұсыныстар сызу курсын оқуда пайдалы ықпалын тигізеді.

Олар:

1. Кесте бойынша аудиториялық сабактардың сагаты әбден тиімді болады.

Бұл уақытты жоспарлы пайдалану үшін бірінші курста оку материалдарын аптаға бөліп, оқытушы әр студентке жеке дайындалуға мүмкіндік беріп, сонымен қатенің болуына ескерту жасалады. Сонда курс бойынша жұмыстарды жоспарлауға ықпал етіледі.

2. Араптың коллоквиумдар кіргізіледі. Студенттерге кезекті тапсырманы орындау кезінің алдында компьютер арқылы теориялық материалды білуін тексеру үшін тест арқылы араптың бақылау өткізіледі.

3. Сызбаны тапсыру барысында міндетті қорғау болады, онда студенттің іс-әрекеттің шыгарма-шылық жағы тексеріледі.

4. Студенттердің графикалық тапсырмаларды орындау кезеңдеріне бірнеше өзгертулер кіргізуге болады:

а) сызбаларды дұрыс рәсімдеуде студенттерге шыдамдылық және дағды болса жеткілікті, ал оқытушыларға талап қоюшылық керек;

б) бұйымның жалпы түрлінің сывзасын орындауда бірінші бөлшектеу болады. Бұл тапсырманың орынды ауыстыру жалпы түрдегі сывзбаны рәсімдеуде және орындауда қате жіберуді ескертуге ықпал жасайды. Екінші бөлшектеуден кейін, студенттер бұйымның жалпы түрлінің сывзасын берілген альбом бойынша, бөлшектің жұмыс сывзасы арқылы және конструкциялауды суреттеу бойынша орындаиды. Бұл тапсырманы студенттер үлкен қызығушылықпен орындаиды және іс жүзінде қате жібермейді.

Сонымен студенттердің графикалық жұмыстарындағы қателерді талдай отырып, осы қателерді болдырмау оку үрдісінің және сызу курсын игеруді жақсартуға мүмкіндік береді.

Оку сывзбаларын екінші қайтara сипаттау. Сызу курсының негізгі мақсаты - студенттерді өз бетімен, техникалық сывзбаларды қазіргі стандарттармен сәйкестендіріп, орындауга үйрету. Егер оку сывзбаларын қабылдау және тексеру кезінде жоғарғы дәрежеде қоңыл аударылып және талап етушілік орындалса, онда бұл мақсат орындалады. Оку сывзбаларын тексеру сапасын бақылау барысы екінші қайтara сипаттама беру арқылы бағаланады. Онда тексеру кезінде жіберілген қателердің саны мен сипаты анықталады, сонымен қатар қандай қателерге жазбаша түрде ескерту жасалғанын білу керек.

Сипаттаманың сонында сывзбаны тексергенде сапа туралы және графикалық жұмыстарды орындау деңгейі туралы қорытынды беріледі. Көпжылғы тәжірибелінің көрсеткеніндей екінші қайtara сипаттама беріп, сывзбаларды тексеру студенттердің графикалық дайындығының сапасын арттыруға көмектеседі. Бұдан басқа оку сывзбаларын тексеру үрдісі педагогикалық іс-әрекеттің жоғарлауына көмегін тигізеді, сонымен қатар инженерлік ойды беру құралы ретінде, сывзбаларды игерген студенттер келешекте курстың жұмыстар мен дипломдық жобалауларды орындауда еш қыындық көрмейді.

Қорытындылай келе шыгармашылық графикалық пәндерді оқытудың сапасын дамыту саласындағы сурақтары мен оку сывзбаларына екінші қайtara сипаттама беру кең көлемде студенттердің графикалық білімдерінің деңгейін жоғарлатуға мүмкіндік береді.

1. Архангельский С.И. Лекции по научной организации учебного процесса в высшей школе. – М.: «Высшая школа», 2005.
2. Рыжов Н.Н. Лекции по курсу начертательной геометрии. ВЗЭИ. – М., 2000.

Резюме

Бодиков С.Ж., Кожиков Ж.А., Карипбаев Ж.Б. -

Академик Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Формирование развития качества графического и творческого образования студентов

В системе высшего образования формирование творческих умений в графическом образовании одна из актуальных задач. Исследование проблемы обеспечения высокого уровня графических знаний и умений, рассмотренных в настоящей статье анализируется авторами в контексте развития качества художественного образования и формирования графических способностей.

Ключевые слова: искусство, студенты, художественное образование

Summary

Bodikov S.Zh., Kozhikov Zh.A., Karipbaev Zh.B., –

Academician the Karaganda state University named of E. A. Buketov, Kazakhstan

The development of students creative graphic education of the formation

In system of the higher education forming of creative abilities in graphical education one of actual tasks. Research of a problem of ensuring high level of the graphical knowledge and abilities considered in this article be analyzed by authors in the context of development of quality of art education and forming of graphical capabilities.

Keywords: art, students, art education

ӘОЖ: 74.03 (574)

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНДЕГІ КӨНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ АРХИТЕКТУРАСЫНДАҒЫ ДИЗАЙНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ырыстанұлы Б. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Өнер, мәдениет және спорт институты, Бейнелеу өнері және салыу мамандығының
2-курс магистранты. Алматы
Гылыми жетекшісі: Ақбаева Ш.Ә.

Таулары аскак алтын бүлтпен теңесіп, музарт шыңдары аспан мен таласып, шыныс пен батыстағы кең байтақ ұшы-қырысыз далада ата-бабаларымыздың кіндік қаны тамып, ерен тауына қарап өр тұлғалы ерлікті бойна жинап, сары даладай дархан кең пейілді, өрелі ойлы, жігерлі де, дарынды қасиеттерді бойларына жинай білген. Халқымыздың өркениетінде салт-дәстүріміздің тікелей табиғатпен байланыстылығы, әрі ұрпақ тәрбиесінде алар орны мен маңыздылығы ерекше. Сонымен бірге, білім беру үрдісінде тарихи ескерткіштердің құндылықтарын толықтай айқындал көрсете отырып, сабактан тыс формаларда немесе қосымша сабактарда білімгердің бойына сіндіре біліу мақсатында талпынумыз керек деп санаймын.


Қазіргі білім басекесі заманында біз тарихты тағылымдай отырып зер сала, талдау жасап қарасақ, ұлы дала елінде адамзат тарихындағы табан тіреп коныс еткеннен бастап сан ғасырлық шежіреге толы сырлы даламызды ата-бабаларымыздың аяқ іздері мен өркениет белгілері, тарихи жәдігерлерімізбен ескерткіштеріміз, алғашқы коныстар мен тұрақтар, елді мекендер мен қалалар асыл мұрамыз болып осы күнге дейін жеткен еді. Сол тұрақтарымызды зеттеп – зерделеп, ұрпақ бойына сініру біздің міндеттіміз. Бұған дейінгі зерттеген ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, бізге беймәлім жағын ашып көрсете мен қатар салыстырмалы талдау жасай отырып бейнелеу пәні сабак үдерістерінде қосымша білім берумен оқыту арқылы, рухани құндылығы мен тиімділіктерін ашып көрсетеуге мүмкіндік аламыз. Болашақ жастардың осы тарихи ескерткіштер арқылы қоркемдік қабылдауын дамытып, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық белсенділігін арттыруда септігін тигізде деп сенеміз. Соңдықтан ежелгі тарихи ескерткіштердің архитектурасындағы дизайндық ерекшеліктерін талданап, саралай отырып, кезеңделу уақытын, тарихи ескерткіштердің формалары мен қоркемдік бейнесін салыстыру арқылы талдау жасау.

Кілтті сөздер: дизайн, архитектура, дәстүр, форма, пішім, салт-сана, байыргы.

Бейнелеу өнері пәні ежелгі тарихи ескерткіштердің дизайндық ерекшеліктерін оқытуда біз халқымыздың дәстүрлі өнерінен айналып кете алмаймыз. Халқымыздың дәстүрлі өнеріндегі сан ғасырлық мәдени мұраларында адамзат қалыптасу мен қатар өркенит пән мәдениеттің даму үрдісінде қоныстанған тұрақтардан бастап қазірге дейінгі тарихи ескеріткіштер уақыт ырғагы мен бірге заманға қарай өзгеріске еніп формалары мен дизайндық жағынан дамып отырды. Сонымен қатар кең байтақ Қазақстан аумағындағы географиялық жағындағы мен елді – мекендерде қоныстанған ру – тайпаларға, дүние танымдық және діни көзқарасқа байланысты ескерткіштер алуан түрлі формаларда болып келеді.

Педагогикалық білім беріудегі негізгі құндылықтарға сай оқытудың бастапқы басқышында ежелгі ескерткіштердің тарихына назар аудару арқылы құндылықтарымызды ашып көрсетумен терендей зерделеуге мүмкіндік туғыза отырып талдау жасасақ: тарихи ескерткіштердің архитектуралық дизайны мен қалалардың дамуына тұртқи болған байрғы дәстүрлі өнерімізді алғып айтсақ, ежелгі көшпенди халқымыздың тек қана мал шаруашылығы және егін шаруашылығы мен айналысып қана койған жоқ, олар өнерді менгерген, он саусағынан өнер тамған қас шеберлердің езі болды. Олар сол заманда-ақ дәстүрлі өнерді менгеріп, тери илеу, өрім өру, ағаш ұсталығы, зергерлік, тасқа таңба, аң бейнелері мен тұрмыс-тіршіліктерін бейнелейтін суреттер, тасты қашап, мүсін жасау, көшіп-конған көшпендердің қыстау, күзеулік пайдалануы, одан кейінгі отырықтасып қала тұрғызыу тағы басқалары....бұның барлығы дала мәдениетінің өркендеуі. «Көшпелі және отырықшы шаруашылық тұрларінің үйлесуі ежелгі Қазақстанның қалалары және қоныстары бар шаруашылық және мәдени аудандарының пайда болуына сеп болды» [1.198 б.] - деп ғалым Әлкей Марғұлан енбегінде жазғандай көшпендердің тұрмыс – тіршілігі өнері мен табигатқа етене байланысты болып жатты.

Адамзаттың қауымдастып өмір сүруі мен қатар өркениетпен мәдениеттің дамуы бірге өркендеп отырғандығы ежелгі қазақ даласындағы байқалып, орын теуіп отырған. Ұлы дала елін мекендейген адамдардың бірігін тас ұнғрлерді паналауы мен кейінен тұрақтар мен қоныстардың қалыптасқандығы архитектуралық қазбалардан көруге болады. Әлкей Марғұланның зерттеуінде: «архитектуралық жұмыстар VI–VIII ғғ. Қалыптасқан және кейінгі ғасырларда Қазақстанда сакталып қалған қоныстардың тұрпатын анықтауға мүмкіндік берді. Қоныстардың мындағы тұрларі анықталды: егіншілер мен өнершілердің жатақ қоныстары, керуен – сарайлар, жауынгерлер қамалдары, ақсүйек өкілдерінің замоктары мен билеушілердің резденциялары» [1.206 б.]. - деп айтып кеткендей архитектуралық зерттеулерінде қоныстар мен орындарының кезеңдегуін, әр түрге бөлінуін, сондай-ақ, сол кездегі қоғам жүзінде биліктік жүйе мен қоныстар және қалалардың архитектуралық орналасуына қарай жасалғандығын көруге болады. Осының негізінде біз тарихи ескерткіштерді оқыту формасындағы берілетін мәдени құндылығы мен эстетикалық тәрбиеге байланысты тәменгідей жіктел көрсетуге болады.



Сурет –1. Тарихи ескерткіштердің кезеңделу кестесі

Біз осы құндылықтарды зерделей отырып тарихқа үнілер болсақ: көшпендейлердің ежелгі қоныстарды мекен етуі мен бірге кейіннен қунделікті тіршіліктері мен қолданысқа ықшамды етіп күркешелер мен киіз үйдің пайда болуы. Оның көшпендейлер үшін маңызды әрі пайдасының зор екендігі, көшіп-қонуға қолайлы, ішкі сиымдылығы кең, жазда салқын, қыста жылы болуы т.б. жақтары көшпендейлер үшін аса пайдалы болды. Алайда, қыста қыстауда жазда жайлauғa көшіп-қонып отырақтаса қоймаган көшпендейлер VI-ғасырда қоғамдағы тайпалар мен жіктерден ерте феодалдық мемелекеттің нығайуына әсер етіп, казак даласында ақсүйектердің сарайлары мен қалалық тұрғындардың салынып қала бой көтере бастады. Қалалар Ұлы Жібек жолы бойында көптеге орналасқан көшпендейлердің қалалары болды.

Қазақстан аймағындағы қалалар үшін көшпенди әлеммен байланыстың ерекше орасан зор маңызы бар. Көшпендейлер диқаншының өнімінсіз құн көре алмаса, егін шаруашылықтың масштабы көбіне көшпендейлер нарқының сұранысымен анықталады. Осылайша қалалық мекендердің қазак даласында сәулет өнерімен мәдениетке әсер еткен Ұлы Жібек жолы бойындағы керуен жолдарында қалалар пайда болды: Исфидыжаб – Сайрам, Талас, Атлах, Хамукент, Құлан. Ал, сауда қолөнер қалалары: Құмкент, Созақ, Алмалық (Корғас), Сығанак. Жекелеген қорған бекіністер: Тас – Ақыр, Баба ата, Ақсұмбет, сонымен қатар қала – резиденциялар: Чигу – Үйсін ханының штабы, Суяб – Тұркі хандығының резиденциясы, Қойлық – Қарлұқ ханының резиденциясы болды. Көшпенди далада пайда болған елді мекендер: Сарсу, Қенгір өзендері бойындағы Беллы – ана, Жұбан – ана қалаларын айтуға болады [2. 221 б.]. Міне осыған сәйкес қазак даласындағы қоныстар мен қалалардың бой көтеруі мәдениетпен өнерге, сондай-ақ, ғылым – білімге әсерін тигізіп дамытты.

Қалаларда көшелерде тас төсөліп, су құбырлары жүргізіліп, моншалар, сонымен қатар діни білім алатын медрессерлер, мешіттер, әр түрлі сауда орталықтары, қолөнер шеберханалары мен сауда орны салынған болатын. Қалаларда ұлттық менталитеттің сай құрлыстар жүргізіліп, архитектуралық бейнелері ұлттық дәстүрімізben салт-санамызға қатысты, дәстүрлі өнер мен айшықты бейнелеген ою-өрнектер, өсімдіктер бейнесі, әр түрлі нақышты формалар, діни тұрғыдағы өрнектер мен әшекейленіп, көркемделіп, әр бір ғимараттар өз мазмұны мен мәніне қарай салынған болатын. Сондықтан қалалық мәдениет қазақстанның қай жерінде болмасын көне дәүірден бастап қалыптасқан деп тұжырым жасауға болады. Археолог К.Ақышевтің өз еңбегінде: «Талас жеріндегі отырықшылықты I-IV, V-VI, VII-VIII ғасырлар кезеңіне бөліп қарастыруы, мұндағы қалалардың орныны Шөлтөбе, Қызылқайнар төбе мысалы арқылы көрсетіп, дәлелдеуі қала өркениетінде дамуында жаңаша көзкарасқа жетелейді» [3, 550 б.].

Зерттеуге сәйкес мәдениеттің ошагы болған қалалар тольық нұсқасы сақталмасада кирандылары бізге асыл мұра ретінде жетіп отыр. Сол кездегі қалалардың яки ескерткіштердің архитектурасына қарасақ: құрылыштың жобалары мен архитектуралық көріністері ұлттық нышандарымызben өрнектеліп, діни көзқарастарымызben, наным-сенімізге сай жасалған. Ондағы әр құрылыштың пайдалану мүмкіндіктеріне қарай ойластырып тұрғызылғаны, кітапхана, намаз оқытын орын, моншалардың өзіне тән өрнектері мен бейнелеп салған болатын. Зерттеулерге сүйенетін болсақ: «1953 жылы жүргізілген зерттеу мен өлшеу жұмыстарының нәтижесінде Айша биби кесенесінің конструкциясы туралы жаңа деректер анықталған. Соның арқасында кесененің төрт бірдей формасы болғандығы, ол қабыргаларының бет жақтары кірпішпен қаланған және ішкі жақтары шамамен 80 см қалындықтагы балшықпен құйылғандығы анықталды. Тарихи ескерткіште барынша оюланған осы элементтер архитектуралық деталы ретінде жасалған. Сонымен қатар, тек архитектуралық – декоративтік қана болып саналады. Кесене тұтас кілемдік мәнерлі қалau ретінде қабыргаларының тұтас оюлануымен ерекшеленеді» [4, 32 б.]. Зерттеулерге қарай отырып ежелгі тарихи ескерткіштеріміздегі архитектуралық дизайnder көбінде ұлттық дәстүрлі өнеріміз негізінде ою-өрнектермен безендіріліп әшекейленіп жасалған.

Ал, біз осы ежелгі ескерткіштеріміздің архитектуралық дизайнын болашақ үрпақ жастарға, окушыларға сабактан тыс формалар арқылы үйреніп олардың көркемдік қабылдауын дамытуға мүмкіндік береміз. Сонымен қатар ежелгі ескерткіштердегі алуан түрлі көздің жауы алатын ою-өрнектер мен өсімдік тәрізді бейнелер арқылы балаға оның салу тәсілін, көркемдік бейнесін көрсетіп үйрету негізінде қызыгушылығын арттыру. Дәстүрлі өнеріміздің тұтап тамырын танып жетуге білу негізгі мақсатымыз.

Ш.Ә. Ақбаевың зерттеулеріне сүйенсек: «Оқушылардың көркемдік талғамын ою-өрнек арқылы қалыптастыруға болады. XX-ғасырдың алғашқы он жылдығындағы зерттеулерге қараганда, көне қазак ою-өрнектері Сақ өнеріне өте жақын . Әсіресе, Сақ дәуіріндегі, мысалы Алтай тауларындағы Пазырак обасынан табылған қазбалардағы нақышталған көне ағаштар мен текемет, сырмак қалдықтары пластикалық үндестігі жағынан қазақ ою-өрнектерінің табиги сипатын қайталаітындей. Қазактар өзіне дейінгі Сақ, Үйсін, Қанлы, Қыпшақ, Тұркі халықтарының мәдениетіне мирас етті. Ежелгі солтүстік Монгolia-дағы атақты Нойын - ұлы корғандарының түкті кілемдеріндегі, маталарындағы нақыш үндестігін қазақ

текеметіне салынған ою-өрнектерді салыстыра қарастырсақ та осындай ойға қаламызың [5. 38 б.] - деп айтқандай балаға көркем білім беру мен көркемдік қабылдауын, баланың қызығушылығын оятып, көркемдік талғамын қалыптастыруды байырғы ескерткіштер мен ондағы әр түрлі ою-өрнектер балаға рухани байлық беріп қана қоймай, мәдени құндылықтарымызды жадына сактай біледі. Бала кітаптардан, интернет желілерінен көрген суреттер мен бейне кескіндер, т.б. деректерге қараганда шынайы затты өз көзімен көріп білсе, сомадени құндылықтар арқылы сұлулыққа, шынайылылықпен шыншылдыққа, жаңаша ізденіс жасауына, сонымен бірге баланың психологиясына әсер етіп куаныш, білімге ізденістік үмтесіліктердің арттырады. Окушылардың өнерді танып білуге көркемдік талғамын қалыптастырып, шығарма-шылық белсенделілігін арттыруға мүмкіндік береді.


Біз оқыту формасында құнделелікті сабак жоспары негізінде білім беру мен қатар сабактан тыс формаларды пайдалана отырып, халқымыздың дәстүрлі өнеріндегі ежелгі тарихи ескерткіштерді танып – білу, саяхат жасау, зерттеулер арқылы окушыларға көркем – эстетикалық тәрбие берумен бірге оларға көркемдік қабылдау барысында ұтымды пайдалана отырып, шығармашылық қызығушылығы мен міндеттерін қатар алғы жүру баланың ойлау қабілеті мен өнерге талпынысын, шығармашылық шеберлікпен әдістерін үйренуге, өнер тапқыштық қасиетін т.б. қызығушылығын арттырып рухани байлық берумен қатар құндылықтары орасан зор, біз оны талдап көрсетер болсақ:



Сурет – 2. Ұлы дала еліндегі тарихи ескерткіштердің оқытуудағы құндылықтар кестесі

Оқыту үрдісіндегі құндылықтарға сүйене отырып, ежелгі ескерткіштердің дизайндық ерекшеліктері мен ұқсастықтарына зер салар болсақ: Ұлы дала еліндегі ежелгі тарихи ескерткіштерінің жалпы қалалар мен кесенелердің архитектуралық дизайнна қарайтын болсақ кейіннен ислам діннің келуі мен соның негізінде құрылыштар мен қала жобаларында исламдық философиялық ой түргысындағы ою-өрнектер мен нышандар, бейнелер, өсімдік тәрізді стилдер айшақталған тік төртбұрыш формасындағы 8 бұрышты исламдық белгі т.б. көптен бейнеленген болатын.

Айша бибі кесенесінде: «Серіз бұрышты түрлі тақталар (3-сурет) оюының мәні исламдық негізде болса шеберлер ою-өрнек элементтерінің көмегімен көптеген композициялық тәсілдер қолданған әрі мұрагер болған» [4]. Сонымен бірге жалпы Қазақстан аумағындағы тарихи ескерткіштерде исламдық негізгі дизайндық формалары көптен кездеседі. Мысалы: Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссавий кесенесінде, Айша бибі, Қарахан, т.б. кесенелерде байқалумен қатар қала жобаларында көруге болады. Рессей патшалығының қазақ даласына көз тігіп, ішкерлей кіріп акырынданап бекіністер сала бастауы мен «1718 жылы салынған соғыс бекінісі – Семей (4-сурет), сол ғасырдың 80-жылдарындағы үздік қалаға айналды. Қала орталығы ертістің оң жақ жағалауына орналасқан тәрізді. Бірақ, 80-жылдары бұл орталық қазіргі мәдени және демалыс сая бағының орнына, солтустікке ауысады» [6.15 б.]. Қаланың құрылышының жобалаумен қатар қала сызбасының үстінгі көрінісінен қала орталығында сегіз бұрышты сәулелет құрылыштары жоспарланғанын байқауға болады [6. 13 б.]. Міне осыған қарай отырып, ежелгі тарихи ескерткіштердің ұқсастық дизайндарын көруге болады.



Сурет-3. Айша бибі кесенесіндегі ою [4.35 б.] Сурет-4. Семей қаласының жобасы. 1823 жылы [6.13 б.]

Окушыларға сабактан тыс формаларда немесе сабак үрдісіне сәйкес ежелгі тарихи ескерткіштерге саяхат жасау арқылы рухани құндылықтарымызды арттырып эстетикалық тәрбие бере аламыз. Ескерткіштерді зерттеу, талдау жасау арқылы болашақ үрпакқа, жастарға, окушыларға эстетикалық тәрбие негізінде қоршаган ортаны, әсемдікпен сұлулықты, көркемдікті көре, сезіне білуге, мейлінше оны терен сезінуге үйретеді. Шын мәнінде, көркем шығарманы қадірлеуге, айналадағы жамандықтан, не бір соракылықтан жиренуге үйретеді. Көркем өнер туындылары адамға ықпал етіп, жақсылыққа жетелейді, Оған ұмтылыспен құлышының тұғызады. Эстетикалық тәрбие жүктелетін осындай құрделі міндеттің бір бұтағы эстетикалық сезіну мен дүниені эстетикалық жолмен қабылдау, оны қалыптастыру болып табылады [7. 18 б.].

Қортып айтқанда, бейнлеу өнері пәнінде ежелгі ескерткіштердің дизайндық ерекшеліктерін зерделей отрып, оның тәрбиелік мүмкіндіктерін қарастырумен бірге білімгерге тиімді жақтарын үйрету арқылы құндылықтарды қалыптастыру әрі адам психологиясына тигізетін жағымды әсерімен қатар шығармашылық белсенділікке ұмтылысын дамытуға септігін тигізеді деп сенеміз. Сонымен бірге қазақ терриориясындағы алуан - түрлі ежелгі тарихи ескерткіштер бір-біріне ұқсамайтын дизайндық формалары арқылы біз ескерткіштердегі бейнелер мен архитектуралық дизайнның салыстыра талдау жасай отырып, ондағы архитектуралық дизайнның әр дәүірі мен заманына сай кезеңделуі мен жобаланып жасалғандығын, сан алуан пішінмен нобайларда, ұқсамайтын көзқарастар мен салт-дәстүрлерге байланысты өрекендер – дамып отырған.

Ескерткіштер Қазақстан аумағындағы географиялық жағыдайы мен әр түрлі климатқа сай бейімделіп салынған. Жауын-шашынды, сүйк аймақтарда тасты көптен пайдаланса, ал қуанышылық құмдауыт жерлерде топырақ кірпішпен құмды көптем пайдаланған. Ежелгі құрылыштардың өзіне тән ұқсастық дизайнның әр бір елді мекендердегі ежелгі тарихи ескерткіштерден аңғара аламыз. Міне осы зерттеулерге сүйене отырып, біз ескерткіштердің көз тартарлық дизайндық формалары мен ерекшеліктерін сараптай зерттеп - зерделеу арқылы болашақ үрпакқа ежелгі ескерткіштердің мәні мен маңызын түсіндіре жеткізу. Окушылар мен студенттерге педагогикалық білім берудегі тарихи ескерткіштердің дизайндық ерекшеліктерінің құндылықтарын үйрету.

Біз бұрынғы зерттеу жұмысына сүйене отырып, болашақта оқу үдерісінде, қосымша пән немесе сабактан тыс формаларда ежелгі тарихи ескерткіштеріміздің дизайндық шешімдері мен ерекшеліктері арқылы архитектуралық дизайндық жобалау мен ой-өрісін кеңейтуде қазіргі қоғамдағы жаңаша дизайн үлгісі негізінде салыстырмалы талдау жасап, оның артықшылығымен маңызды ерекшеліктерін үрлену арқылы көркемдік талғамды қалыптостыру. Ой-қиялдың ұшқырлығын дамыту, көркемдік білім беру мен көркемдік қабылдауда алатын орны мен маңыздылығы ерекше екенін аңгарымыз. Қазақ даласындағы ежелгі тарихи ескерткіштердің дизайндық ерекшеліктерін окушылар мен студенттерге тереңдей түсіндіріп оқыту арқылы халқымыздың дәстүрлі өнеріндегі құрылыштардың архитектуралық дизайнны оның тарихын жете танып білуге, тарихты зерделеуге, баланың зейінін ашуға, сол арқылы жаңалық жаратуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

1. Марғұлан. Ә. шығармалары. – Алматы: «Алматы болашақ» баспасы, 2011. – 9 том. – 432 б.

2. Қазақ өнерінің тарихы. 2 – том. Орта ғасыр дағуірі. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2007. – 392 б.
3. Байырғы көне өркениет: жазба ескерткіштер. (ҚР-ның тәуелсіздік он жылдығына арналған халқаралық ғылыми – теориялық конференция материялы. Астана қаласы 2001 ж. 18-19 мамыр). – Алматы. 2001. – 584 б.
4. Қазақстан архитектурасы. / Құрастыруышылар: А.Қ. Қапанов. А.И. Рустембеков. – Алматы: «Өнер» баспасы, 3 – том. – 2011. – 232 б.
5. Ақбаева Ш.Ә. Қазақтың дәстүрлі өнер негізінде оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру. – Алматы. –134 б. – Библиогр. – Б119-129.
6. Қазақстан архитектурасы. Құрастыруышылар: А.Қ. Қапанов. А.И. Рустембеков. – Алматы: «Өнер» баспасы. 5 – том. – 2011. –136 б.
7. Жеделов К.О. Бастауыш класс оқушыларының бейнелеу өнері сабагында көркемдік қабылдаудың қалыптастырудың педагогикалық негізі. – Алматы, 1994. – 137 б.

Резюме

Ырыстанулы Б. – магистрант 2 курса

специальности 6М010700–Изобразительного искусства и черчение института искусств, культуры и спорта

Казахского национального педагогического университета имени Абая. Қазахстан. Алматы.

Научный руководитель: к.п.н., доцент – Ақбаева Ш.А.

Эффективность преподавание дизайнерских особенностей древнейших архитектурных памятников в Великой казахской степи

Горы достигающие самых облаков, вершины которых равняются с небом, бескрайние степи расстеленные с востока до запада это земля в которой на свет появились наши предки, смотря на высокие горы они впитали в себя мужество, собрали из бескрайних степей такие качества как щедрость, высокий интеллект, мощь и талант. В зависимости от характера цивилизации нашего народа обычай и традиций связаны с природой, и это имеет особое значение и роль в воспитании будущего поколения. Определяя значимость исторических памятников в процессе внеклассных или внешкольных формах обучения, мы должны стремиться их впитать к обучающимся.

В эпоху конкурентоспособности образования, анализовая исторические знания мы должны сосредоточиться на уроках истории, земля которая полна древним летописям, следам и знакам цивилизации наших предков, историческим памятникам, первым поселениям и стоянкам, городам и населенным пунктам сохранились, и по сей день являются драгоценным наследием. Исследовать данные наследия и впитать ими будущее поколение является нашей целью. Основываясь на предыдущих исследованиях ученых, мы раскрываем неизвестную сторону с точки зрения сравнительного анализа и посредством дополнительного образования мы имеем возможность показать духовную ценность исследования в процессе урока по дисциплине «Рисование». Мы верим, что посредством исторических памятников можно способствовать улучшению творческой деятельности и развить художественного восприятия у будущей молодежи.

Таким образом, наша цель сделать анализ путем сравнения художественного изображения и форм исторических памятников, анализируя особенности дизайна архитектуры исторических памятников, разбирая периодизацию исторических памятников.

Ключевые слова: дизайн, архитектура, традиции, форма, формат, обычай, древний.

Summary

Yrystanuly B. – Master 2 degree 6M010700-Fine Arts and drawing Institute of Arts, culture and sports

of Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Kazakhstan. Almaty

Supervisor: Ph.d., docent – Akbaeva S.A

The effectiveness of teaching design features the oldest architectural monuments in the great Kazakh steppe

Mountains reaching for the clouds, tops of which are equal with heaven, the boundless steppes spread out from east to west is the land in which were born by our ancestors, in spite of the high mountains, they absorbed the courage, gathered from the endless steppes qualities such as generosity, high intelligence, strength and talent. Depending on the nature of the civilization of our people, customs and traditions associated with nature, and it is of particular importance and role in the education of future generations. Determining the importance of historical monuments in the extra-curricular or extra-curricular forms of education, we should strive to absorb their students.

In the era of competitiveness of education, analyze historical knowledge we need to focus on the lessons of history, the earth is full of ancient chronicles, the trail and signs of civilization of our ancestors, historical monuments, the first settlements and parking, towns and villages remained, and to this day is a precious heritage. Explore the legacy data and soak them the future generation is our goal. Based on previous studies scientists, we discover the unknown side in terms of the comparative analysis and through additional education we are able to show the spiritual value of study in the course of lessons on discipline "Drawing". We believe that through the historical monuments, you can help to improve the creativity and the development of artistic perception of the future young people.

Thus, our goal is to make the analysis by comparing feature images and forms of historical monuments, analyzing the features of the design of architecture monuments, examining periodization of historical monuments.

Keywords: design, architecture, tradition, shape, size, custom, ancient.

УДК 7.036

ВОЕННАЯ ТЕМА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ СОВЕТСКОГО ХУДОЖНИКА АЛЕКСАНДРА АЛЕКСАНДРОВИЧА ДЕЙНЕКИ

Михайлова Н.В. – студентка 3 курса, ЧГПУ им. Яковлева, г. Чебоксары, РФ
E - mail: natali-mikh777@mail.ru

В данной статье рассматриваются произведения известного советского художника А.А. Дейнеки, посвященные Великой Отечественной войне. Отмечается, что особенности жизни в годы войны поставили перед художниками свои задачи: необходимо было не только правдиво отображать тяжесть народной жизни, патриотический подъем и подвиг масс, но прежде всего, активно включиться во всенародную борьбу с врагом, воспитывать чувства гражданина и воина.

Ключевые слова: советский художник, война, патриотизм, пейзаж, колорит.

Свою жизнь художник А.А. Дейнека считал неотъемлемой от жизни Родины. Она раскрывала перед ним стороны прекрасного, показывала себя в развороте событий. Когда для Родины наступил грозный час испытания огнем, он, как и все советские люди почувствовал граждансскую ответственность за ее судьбу перед лицом фашистской агрессии. Произведения, создаваемые художником в этот период, заключают в себе огромное, организующее волю и душу людей начало, дышат страстным патриотизмом, мобилизируют на борьбу с врагом.

В суровые дни жесточайших сражений за Москву Дейнека создает замечательный пейзаж «Окраина Москвы. 1941», ставший по сути новым типом пейзажа, вобравшим суровый и героический дух времени, отражавшим чувства советских людей, сражавшихся за честь и свободу родной земли. Картина рисует грозный, настороженный облик готового к отпору города. Заснеженная земля вздыбилась сугробами, ощетинилась стальными надолбами, противотанковыми ежами, опустевшие дома с хлопающими ставнями словно замерли и притаились в ожидании часа решающей битвы. Стремительный бег прыгающего на ухабах грузовика довершает впечатление тревожного ожидания. И, хотя пейзаж лишен людей, их воля и решимость выстоять незримо присутствуют в эмоциональной атмосфере картины, читаются в ритмическом и декоративном стиле композиции.

Очень выразителен другой военный пейзаж художника «Сгоревшая деревня», который остался не просто обвинительным документом дикости и варварству, но документом огромного художественного воздействия. Безжизненные остатки сгоревших домов, выжженная природа производят жуткое, гнетущее впечатление, вызывают к отмщению за поруганную землю. Художник очень точно нашел адекватную содержанию цветовую гамму: мертвенно-коричневую, безысходную, как сама смерть. Умение живописца «видеть сразу», «работу делать с удара» выразилось в лаконичной, но очень точно найденной форме: куски выжженной природы, обгоревших бревен избы как бы взывают к возмездию. Густые пастозные мазки и краски лепят форму на полотне уверенно и убедительно. Острый силуэт, четкий рисунок ведут основную эмоциональную мелодию. Нельзя не вспомнить слова художника, определяющие особенности его творческого облика: «живописец должен в совершенстве владеть рисунком... Ведь недостатки в знании рисунка всегда ведут к небрежному отношению к форме... Надо всегда помнить, что в живописи цвет связан с формой, он ее обогащает». [2, стр. 32]

Психологическая насыщенность и яркое выражение драматических событий находят дальнейшее развитие в творчестве Дейнеки во время Великой Отечественной войны. Побывав в разрушенном Севастополе, Дейнека, очень любивший этот город, потрясён произошедшими разительными и трагическими переменами. У него возникает идея написать батальное полотно «Оборона Севастополя», которое станет гимном мужеству защитников города.

Замысел картины родился у художника при просмотре своих материалов, альбомов и рисунков по Севастополю, где пришлось много работать до войны. Зимой 1942 года Дейнека привез из фронтовых поездок многочисленные зарисовки, которые были использованы в работе. Но этого было недостаточно: мастер делал в пластилине скульптурные наброски, раз за разом, проверяя правильность ракурсов, писал обнаженную натуру, чтобы избежать неточностей. Художник создал монументально-эпическое полотно, сумев обобщить в нем героику великой войны: на картине запечатлен скорбный и величественный подвиг морских пехотинцев, отдавших свою жизнь при обороне Севастополя.

...На городской набережной идет ожесточенный бой. Советские моряки преграждают путь врагу. Вдали – разрушенные дома, кругом огонь. На первом плане в полный рост изображен раненый матрос,

бросающий связку гранат. Лицо его напряжено, ноги широко расставлены, руки резко отведены в сторону. В позе матроса чувствуется самоотверженность, неприступность и готовность остановить врага.

Достигая достоверности изображаемого, Дейнека сдвинул фигуру пехотинца в левый угол картины и оставил перед ней пространство, необходимое для полета связки гранат. Величественная фигура матроса в последнем отчаянном броске придает динамику и драматизм всей композиции. Автор умело показывает весь напор надвигающихся немцев, используя композиционный прием - торчащие справа штыки от винтовок.

Фашиста, лежащего замертво у ног моряка, мастер специально изображает несоразмерно маленьким по отношению к главному герою картины, говоря тем самым, как слаб и беспомощен враг перед нашей армией.

Рассмотрим колорит картины. Красный цвет неба - самый яркий - контрастирует с белым цветом формы морских пехотинцев и ярко освещенных бетонных развалин, выделяя их еще сильнее. По цвету моря, отражающего всю лазурь ясного неба, понятно, что на полотне изображен день. Но ясного неба на картине нет, а весь горизонт пропитан копотью и дымом. Можно предположить, что над происходящей драматической схваткой добра со злом есть еще живой небесный свод, который позволяет падать солнечным лучам на солдат в правой части холста. Этот свет подчеркивает движения людей, делая складки на одежде контрастнее, падая на лица, помогает сильнее передать эмоции матросов.

Хочется подчеркнуть, что картина А.А. Дейнеки – не документальное воспроизведение боевого эпизода, а символическое изображение столкновения двух непримиримых сил: богатырских фигур советских моряков в белоснежных одеждах с надвигающейся темно-серой, почти безликой массой захватчиков. Картина «Оборона Севастополя» изображает не падение города, а отвагу людей, которые побеждают или умирают. Автор показал жертвенность русского бойца, его смелость, отвагу и любовь к родине. Такого человека нельзя сломить. Эта мысль, воплощенная в яркой образной форме, прозвучала в самый грозный год войны, вселяя уверенность в грядущей победе.

В последующем Дейнека вспоминает: «Я был на войне, видел бои, много тяжелых героических эпизодов – а почему-то решил написать «Оборону Севастополя», хотя не видел, как обороняли этот город, а только слышал рассказы об этой обороне. Почему я сделал эту вещь? Я люблю Севастополь, до войны там часто бывал, плавал на катерах, на крейсерах, любил заниматься там ловлей рыбы, любил севастопольских моряков. И вот, когда я увидел фотографии разбитого города, я понял, что должен это написать. Когда я работал, я по-настоящему все это переживал, волновался, вложил в эту работу свое сердце. Бывает и так: занимаешься чем-нибудь два, три, пять лет, в течение этого срока накапливается опыт, а затем что-то рождается. Важно постоянно работать, возможно, чаще писать, рисовать». [9, стр. 5]

На повышенном пульсе, с гневом и страстью проходила работа над картиной «Сбитый ас» (1943). Увиденный зимой 1942 года под Юхновым реальный боевой эпизод воплотился на полотне в собирательный образ возмездия, настигающего фашистского варвара на советской земле. В серии карандашных набросков к картине хорошо видно, как художник уходил от простой констатации частного случая, пока не нашел поистине неотразимое композиционное решение, с потрясающей силой раскрывающее всю неотвратимость страшной гибели немецкого летчика, а вместе с ней неизбежность краха всей фашистской агрессии.

Суровый и возвышенный облик столицы воссоздан Дейнекой в акварелях и гуашах серии «Москва военная» (1941-1946). Художник запечатлевает неузнаваемо преобразившиеся, погруженные в настороженный сумрак площади и улицы с редкими фигурами прохожих и патрулей, с развешенными в хмурых небесах аэростатами, внесшими в облик города фантастический оттенок.

С середины мая по август 1945 года Дейнека проводит в Берлине. Результатом этой творческой командировки явилась великолепная серия «Берлин. 1945 г.», ярко воссоздавшая картину разгромленного гитлеровского рейха и как бы приглашающая поразмыслить о том, коль неизбежен конец любой агрессии. [9, стр. 6]

Произведения Дейнеки военного периода соединяют в себе историческую правду событий с истинной художественностью, с мужественной выразительностью формы, пластической законченностью образа. Весомая значительность содеянного осознавалась и самим художником, писавшим впоследствии: «Тяжелым и в то же время славным периодом в моей жизни, как вероятно и у большинства, был период Великой Отечественной войны. В эти годы я сделал, может быть, самые любимые мои вещи... Война помогла мне заговорить во весь голос».

1. Веймарн, Б.В. История советского искусства, т. II / Б. В. Веймарн [и др.]. – М.: «ИСКУССТВО», 1968.
2. Барабанова, Н. А. Дейнека. Альбом. / Н. А. Барабанова. – М.: «Изобразительное искусство», 1980. – 1-32 с.
Ее первые чиевые работы 1988 года «Вечер» где изображены бегущие олени на фоне солнца по мотивам наскальных изображений, «Сумерки» виднеются силуэты верблюдов и другие работы где применяются контрастные цвета, которые смягчаются переходом от темных к ярким цветам. Есть работы более графические где применяются черный, белый и красный или другой один цвет например синий, зеленый. Интересны по своему художественному замыслу декоративные панно, выполненные в технике чиевого плетения. Эти работы отличает простота, графичность и целостность.

Таким образом, в произведениях многих казахских художников-прикладников чий как художественный материал становится способом или средством выражения «собственной концепции творчества, связанная с национально-романтическим направлением, условно названным «поиск Дома». Понимание преемственности традиций в произведениях индивидуализировано и выражено в сюжетах, цветовой гамме, новых методах стилистических и технологических приемов, материалах выполнения произведений из чия. Мы становимся свидетелями, перехода чия как художественного материала из сакрального пространства казахской культуры в яркое пространство современного казахстанского искусства. Народное – прикладное искусство, можно считать одно из значимых составляющих национальной культуры. Отображающие огромное богатство казахов и многогранность творческого потенциала. Творческий чий Казахстана входит в мировое культурное пространство как способная к развитию духовная величина.

1. Балтабаев М.Х. Современная художественная культура Казахстана: гносеология, ментальность, преемственность, перспективы. – Алматы: РНЦПК, 1997. – 156 с.
2. Шкляева С.А. Проблемы развития прикладного искусства Казахстана: советская эпоха периода независимости (XX начало XXI вв.). Диссертация на соискание ученой степени кандидата искусствоведения. – Алматы, 2010. – 117 с.
3. Акмурзинова Г.К. Чий – краса казахских степей //Журнал Мәдениет
4. Жарышысы – Вестник культуры, № 9 (2011). – С. 15 -22.

Түйіндеме

Каденова Ж.Т. – I курс магистранты, 6M041700 мамандығы – «сәндік-қолданбалы өнер» (Көркем тоқыма)
zhansi1990@mail.ru.

Ғылыми жетекши: **Беристенов Ж.Т.** – профессор, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазақстанның заманауи суретшілерінің шығармашылығындағы дәстүрлі ши тоқу өнері

Тоқымашылық - ауқатын өнер, қазақ «Чий» деп аталады - бап қазактардың дәстүрлі өнер шолуын ұсынады. Бұғынгі таңда көркем материал ретінде Чий Қазақстанның қазіргі заманы сәндік-қолданбалы өнер өтеп танымал. Ол шығармашылық жаңа идеялар әкеледі және одан қазіргі заманғы шындыққа ұлттық мәдениет шығармашылық түсінірү бізге әкеледі. Өнер Тарихи бейнесі, «Чий» қалыптастыруға, дамытуға және Қазақстан суретшілер заманауи жұмыстарды түрлі шығармашылық тәжірибелесін қабылдауға назар аударады. Сондай-ақ, макалада ұлттық сөз өнерінің осы түрлі тартылған белгілі қазақстандық суретшілердің есімдері көрсетілген. Сәндік қамкоршылар мен мұрагерлеріміз суретшілер есімдері - қазіргі заманғы Қазақстан жағдайында өнер.

Қандай непревзойденное шеберлері, Қазақстанның қазіргі өнер ізашар болып қызмет етеді.

Түйінді сөздер: көркем кәсіби даярлау, өнер және қолөнер, көркем кесте, кәсіби дағылары.

Summary

Kadenova Z.T. – I graduate course, 6M041700 mamandygy - "səndik қoldanbaly-oner" (Kөrkem tokyma).
zhansi1990@mail.ru .

Fylymi Zhetekshi: **Beristenov J.T.** – Professor, Tarikh ғылымдарының candidates, associate professor.

The traditional art of reed in the works of contemporary artists of kazakhstan

The article provides an overview of the traditional art of the Kazakhs - the art of weaving-being, which in Kazakh is called "Chii". Chii as an artistic material for today is very popular in the modern decorative and applied arts of Kazakhstan. He brings new ideas for creativity and more brings us to the creative interpretation of the national culture in the contemporary reality. Historic image of the art, "Chii" draws attention to the formation, development and the perception of the creative experience of the variety of contemporary works of artists of Kazakhstan. Also, the article indicated by the names of famous Kazakhstani artists involved in this kind of national art. The names of the artists who are the guardians and successors decorative - art in the conditions of modern Kazakhstan.

Which are unsurpassed masters, pioneers of modern art of Kazakhstan.

Keywords: artistic vocational training, arts and crafts, art embroidery, professional skills.

СЮЖЕТНАЯ КОМПОЗИЦИЯ В СИСТЕМЕ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

Семенова Ю.А. – студентка I курса магистратуры, направление подготовки «Педагогическое образование», профиль «Декоративно-прикладное искусство в системе непрерывного художественного образования» факультета художественного и музыкального образования ФГБОУ ВПО «Чувашский государственный педагогический университет им. И.Я Яковлева»
г. Чебоксары

В статье содержится информация о развитии графики в сюжетной композиции, об основных изобразительных средствах композиции и графики. Анализ влияния изобразительного искусства на эстетическое воспитание, при помощи сюжетно-тематической композиции в графике.

Ключевые слова: эстетическое воспитание, изобразительное искусство, сюжетная композиция, графика, художественная школа.

Развитие – важная часть любой человеческой деятельности. Накапливая опыт, совершенствуя способы, методы действий, расширяя свои умственные возможности, человек постоянно развивается.

Этот же процесс применим и к системе эстетического воспитания. На разных стадиях своего развития общество предъявляло новые стандарты и требования к эстетическому воспитанию детей. Это обусловило необходимость развития системы образования. Одним из средств такого развития является изобразительное искусство, это способ и метод взаимодействия преподавателей и учащихся, обеспечивающие эффективное достижение результата в эстетическом воспитании.

Влияние сюжетной композиции в графике, как средства эстетического воспитания, на нравственное развитие учащихся безгранично. Культура сюжетно-тематической графики в системе эстетического воспитания будущих художников имеет большое значение.

В художественных школах дети получают большой спектр знаний по художественному искусству. Учащиеся осваивают различные дисциплины: рисунок, живопись, композицию, скульптуру, декоративно-прикладное искусство, историю искусства, но основой является рисунок, так как грамотность художника начинается с рисунка. В свою очередь рисунок – это основа графики. Условность и скопость языка графики способствует быстрому освоению пластического языка изобразительного искусства. Также, композиция является основой и конструкцией, которая определяет суть идеи и сюжета [1, с. 3].

Сюжетно-тематической композицией и графикой занимались и занимаются многие талантливые художники, такие как: А. Дюрер, Рембрандт Харменс ван Рейн, О. Бердслей, Ганс Гольбейн Младший, Г. Доре, Ф. Валлотон, К. Сомов, Л. Бакст, И. Билибин, Д. Моор, М. Добужинский, В. Фаворский и многие другие. Все они внесли неоценимый вклад в развитие изобразительного искусства, путем приобщения людей к нравственности и эстетике прекрасного.

... Важнейшая сторона воспитания – это развитие острого восприятия природы и тонкого с ней обращения. Притупление внимания к природе – это, собственно, остановка развития человека, та как, разучаясь наблюдать, человек теряет способность обобщать... [2, с. 212]

Изобразительное искусство – особое средство эстетического воспитания. Изучая искусство, человек смотрит на действительность, окружающую его, внимательнее, и более откликается на прекрасное в жизни. Происходит приобщение к доброте.

Освоение в искусстве таких основ, как линия, пятно, ритм, симметрия и асимметрия, постепенно ведет к свойствам и формам прекрасного в творчестве человека.

Зарождение художественного вкуса происходит благодаря восприятию, эмоциям от приобщения к прекрасному в мире искусства и в сфере творчества.

Еще в дошкольном возрасте происходит знакомство детей с художественной деятельностью, и с песней и сказкой. В эстетическом воспитании ребенка становление личности очень важно, это цель педагогического процесса. Человек развивается как личность при понимании прекрасного, наслаждаясь изобразительным искусством и созерцая и создавая его.

Изобразительное искусство является языком и средством подачи информации.

Труд воспитывает в процессе художественной деятельности эстетическому восприятию искусства.

Вся структура деятельности человека (труд, познание, общение и оценка) может быть направлена на мир действительности и вовнутрь личности (самопознание, самооценка, само созидание и само общение).

Если деятельность человека направлена и вовнутрь и вовне, то человек неповторим и незаменим. Что эстетически прекрасно по многогранности и ценности личности.

Преобразующая деятельность изобразительного искусства проявляется, во-первых – когда художественное изображение оказывает эстетическое воздействие на зрителей; во-вторых – когда искусство вовлекает и направляет общество в определенную деятельность, социально значимую. В-третьих: процесс творчества преобразует прекрасное, при помощи воображения и использования багажа знаний художника; в-четвертых: в своей деятельности художник обрабатывает и преобразует материал, из которого делает образ.

Возможно, что признавая социальную значимость изобразительного искусства как утешительно-компенсаторской (иллюзорно восстанавливающей гармонию, утраченную в реальности), французский эстетик М.Дюфрен, был не прав.

Потому как преобразующая функция действует как визуализация и работает, воодушевляя на преобразование мира.

Итак, искусство предсказывает или является предвосхитителем будущего. Отражая действительность и воспринимая мир в целом, на художественном изображении отражается нагая сущность явлений.

Искусство несет информацию, что подчеркивалось в истории эстетики неоднократно такими людьми как, Г.Лессинг, И.Гербер, Б.Кроче.

Аристотель характеризовал вероятность информации в произведении искусства. Он предположил, что художник изображает то, что могло бы произойти, неслучившееся, но вероятное.

Информация, передаваемая посредством художественного произведения более доступна для общества, для людей, чем разговорным языком. Она качественнее, легче и понятнее, так как подача эстетичнее.

Чувства и мысли людей сформировывает искусство.

Воздействие происходит комплексом, и на разум и на сердце, на дух. Тогда как мораль формирует нравственность, философия – мировоззрение, а политика – политические взгляды.

Значение эстетической ценности изобразительного искусства было осознано древними. Калидаса (приблизительно V век), индийский поэт выделил цели искусства:

- вызывать восхищение богов;
- создавать образы мира окружающего;
- доставлять эстетическое удовольствие;
- быть источником благ.

Цель изобразительного искусства быть прекрасным вдохновителем, очищающим и облагораживающим человека.

Функция эстетики в способности изобразительного искусства: сформировать эстетический вкус, дать ориентир в жизни и пробудить творчество в человеке, чтобы воплощать и творить по законам прекрасного.

Объектом искусства является мир, а предметом искусства – реальность жизни [3, с. 106-136].

1 Лещинский, А. А. Основы графики: учебное пособие. – Гродно: ГрГУ, 2003. – 194 с. ISBN 985-417-503-0

2 Ефремов, И.А. Великое Кольцо: Иван Ефремов. – Москва: Эксмо, 2013. – 672 с. ISBN 978-5-699-66008-7

3 Борев, Ю. Б. Эстетика: 4-е издание, дополненное. – Москва: Политиздат, 1988. – 496 с. ISBN 5-250-00130-0

Түйіндеме

Семенова Ю.А. – студенті I-курс магистратура, дайындау бағыты "Педагогикалық білім" профиль

"Сәндік-қолданбалы өнер жүйесінде үздіксіз көркемдік білім беру" факультетінің

көркем және мұзыкалық білім беру ВПО "Чуваши мемлекеттік педагогикалық университеті. И. Яковлева"

Чебоксары қ.

Сюжетті композиция жүйесінде эстетикалық тәрбие беру

Бапта қамтылған дамуы туралы ақпарат кестелері сюжеттік композициялар, негізгі бейнелеу куралдары композициялар мен графиктер. Әсерін талдау бейнелеу өнерінің эстетикалық тәрбие беру, сюжетті-тақырыптық композициялар кестеде.

Түйін сөздер: эстетикалық тәрбие беру, бейнелеу өнері, сюжетті композиция, графика, көркем сурет мектебі.

Summary

Semenov A.Yu. – student of I year master student, training direction "Pedagogical education", profile "applied and Decorative arts in the system of continuous art education" of the faculty of art and music education FGBOU VPO "Chuvash state pedagogical University. I.I. Yakovlev" Cheboksary

Story composition in the system of aesthetic education

The article contains information about the development of graphics in scene composition, basic drawing composition and drawing. Analysis of the influence of fine art on aesthetic education, with narrative songs in the chart.

Key words: aesthetic education, fine arts, scene composition, graphics, art school.

УДК 792 (035. 3)

ТҮҮІСҚАН ЕЛДЕР ӨНЕРІНІң ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫ

Исламбаева З. – өнертапу кандидаты,

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, zetta1975@mail.ru

Жақсылықова М. – өнертапу кандидаты,

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, tanu.14@mail.ru

Ғылыми макалада 2015 жылы Татарстан Республикасының астанасы Қазан қаласында болып өткен түркі елдерінің XII «Наурыз» халықаралық театр фестивалінде көрсетілген қойылымдар сез болады. Автор «Қорқыттың көрі» (режиссер Й.Вайткус), «Тамаша ойын» (режиссер М.Микайлов), «Тиит» (режиссер С.Потапов), «Ричард III» (режиссер И.Зайнинев) және «Жан пид» (режиссер Б.Абдураззоков) спектакльдеріне талдау жасаған.

Түйін сөздер: пьеса, театр, фестиваль, режиссерлік шешім, актерлік шеберлік, театр суретшісі, сахналық жүйе, көркемдік бейне, мәдениет.

Қазіргі таңда еліміз қарқынды даму барысын басынан өткөріп отыр. Саяси-экономикалық тұрақтылық әдебиет пен мәдениетте, өнер мен ғылым саласында да ілгерлеуге мол мүмкіндіктер беруде. Әсіресе, марқайған мәдениеттің жаунары саналатын театр өнерінде ізденістер аузын толтырып айтартылған. Алыс-жақын шетелдің сахна мамандарын арнайы шақыртып, шығармашылық байланыстар түзу өзінің межелеген жемісін беруде.

Мәдени шығармашылық байланыстар дегенде ойға оралатыны отандық сахна ұжымдарының әр түрлі театр фестивальдеріне қатысып, бір жағынан өздерінің шама-шарықтарын байқатса, екінші жағынан мол тәжірибе жинап, жаңа ізденістерге бағыт алғып жүрген

Мәселен, 2015 жылы маусым ай ында Ресей Федерациясы үшін де, Орталық Азия елдері үшін де кезінде ағартушылықтың ордасы болған татар елінің астанасы Қазан қаласында түркі елдерінің XII «Наурыз» халықаралық театр фестивалі болып өткен еді.

Алдағы жарқын өмірден мол үміт күттіретін, күн мен түннің тенелуін білдіретін Наурыз мерекесінің барлық түркі халықтарына ортақ. Демек, фестивальдің осылай аталуы да аталған мерекенің философиялық астарына негізделген сыңайлы. Бұл шараның тағы бір ерекшелігі – фестивальдің қазақ өнерін насихаттауға арналғандығында. XXI ғасырда саяси-экономикалық және стратегиялық дамудағы жаңа жоспарларымен [1], ерекше мәдени ұстанымдарымен [2] бүкіл әлемнің назарын өзіне аударып отырған тәуелсіз елдің өнері кімді болмасын толғандырмай, қызықтырмай қоймасы анық. М.Әузов атындағы академиялық драма театрының сахнасына Литвадан арнайы шақыртылған Йонас Вайткустың режиссурасымен шықкан (2014), жаңа формада, мұлдем өзгеше түрдө әрленген аңыз-дастанның премьерадан-ақ қазақ көрерменіне әсері ерекше болды. Мұнда режиссер драматургті де спектакльге қатыстыру арқылы екі өнердің: кино мен театрдың қысынды байланысын жасаған. Экранда, яғни көрерменің көз алдында емханада жатқан драматургтың жүргегінен, жан дүниесінен, ой-пайымынан, откенге деген көзқарасынан тарихи сом бейне туындаиды.

Қойылым басталғандағы жоғарыдан түсірілген қайық-бесік Қорқыт сынды ұлы тұлғаның дүниеге келгенін айғақтайтын секілді. Әрі мұны екінші жағынан – Қорқыттың желмаямен жерүйықты іздең, ақыры өлімсіз өмірдің болмайтынын түсінгеннен кейінгі туган жеріне қайта оралу сәті деп те айта аламыз (әрі осы қайық-бесіктің финалда жоғарыға көтеріліп кетуі спектакль композициясының сауаттылығын байқатады). Режиссердің интерпретациясында осылайша ылаң салып, биіктен түскен Қорқыт бүгінгі үрпақ үшін мәңгілік биіктеге деген ойдың сарыны бар.

Мұндай режиссерлік шешімді әлемдік театр саҳналарынан кездестіре аламыз. Бірақ алғаш рет жүзде-сіп отырған қазақ көрермені үшін мұндай тұжырым тың жаңалық саналады. Бұл жөнінде әдебиетші, ақын Даулетбек Байтұрсынұлы: «Біз кеп жағдайда реалистік бағыттағы қойылымдардың ізіне түсіп алып нақты нәрселерді іздейміз. Ал мынау қойылымда бір көргенде түсінбей қалатындағы күңгірт нәрселер бой көрсетеді. Модернистік жаңалықтарға қадам қойған жұмбақты жағдайда айтылатын театрдың дыбыссыз «тілі» бар. Оны қозіңмен көріп концепциян оқысың, айтылмаган әңгімені естисің, қойылмаган дүниені көресің...» [3], – деп қойылымның жаңашылдығына назар аударады. Философия мен психологияның ауыр күйі, руханият пен мәдениеттің тоғысы, поэтика мен пластиканың ырғағы бар спектакльдің расымен де өз көрерменін мұлдем өзгеше күйге түсіргені бұл – шындық.

Спектакльде «өмір мен өлім егіз» ұғымының астарын өзі өмір сүрген дәуірде (VII-VIII ғғ.) тереңнен болжап білген Қорқыттың бейнесі өзгеше формада кескінделіпті. Бұл образдың ажалға қарсылығы, өмір-ге деген аса құштарлығы бізге аныз арқылы мәлім. Ал, спектакльдегі осы басты кейіпкердің басындағы хал өте ауыр. Әкесі мен шешесі де, айырылmas санаған досы да, маҳаббатын ұсынып, сезімнің бал шырынынан бақыт тапқан көңілдес те бұл үшін жан бере алмайды екен. Бұл – әрине адам өміріндегі ақиқат жолы.

Жалпы Қорқыт – ойшыл, философ, қобызшы, күйші, ақын, жырау, сөуегей, бақсы болған тарихи тұлға. Кеменгер жазушы Мұхтар Әуезов: «...Ажалды тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмеген Қорқыт Ата жүрттан безіп, айдалага, табигат аясына кетеді, бірақ таулар да, жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады. Содан қорқып, шырғайдан алғашқы қобызды жасап, жер бетінде бірінші болып күй тартады. Сөйтіп, өлмеудің амалын өнерден табады» [4, 149 б.], – деп тұжырым жасаған. Демек, Қорқыт – мол шығармашылық қабілетке ие өнер адамы. Мұны спектакльдің жүйелі құрылымынан да, актерлік ойындардан да аңғара аламыз.

Басты рөлдегі талантты актер Д.Ақмолда Қорқыттың Құдайға деген наразылышын, мәңгілік өмірді қалаудан туындаған өкінішін даусының әртүрлі ірімдер өзгерісінде береді. Кейіпкердің Сарын қызға деген сезімі, жанын сұраған Ажал мен Әзірейілге қарсылығы, өзі үшін жанын беруге келіспеген әкесі мен анасына, досы Рәпіл мен көңілдесі Никеге деген өкпесі актер ойынында нанымды штрихтармен өрілген.

Д.Ақмолданың әрбір кимылында Қорқыт тарихын түбекейлі зерттегені байқалады. Оның ойыны көркемдік жүйеде дами отырып, күй атасының терен философиясын насиҳаттайты. Алғашында Құдаймен ашық айқасқа түскендей тепсінген Қорқыт – Д.Ақмолда Ажал мен Әзірейіл келген сәттен бастап бірте-бірте бұрынғы арынынан ажырап, тағдырға мойынсұнған тәрізді. Осы қөріністерде актердің бет құбылуы, қозіндегі үміт пен күдіктің ұшқыны, екпіндеген даусының бәсендеде аңғарылады.

Жалпы аталған спектакль жарық көргелі көрерменнен де, кәсіби мамандардан да жоғары бағага лайық деп танылған Д.Ақмолданың сөзі де, іс-кимылды да қысынды үйлесіп, сом образ туындаған. Актер ойынын театртанушы-ғалым Г.Жұмасейітова: «...Единогласно всеми, была отмечена игра актера Д.Ақмолды в образе Коркыта, который смог представить перед зрителями настоящим ритуальным актером с особой природой и способом актерского существования» [5, 9 б.], – деп бағалайды. Демек, орындаушының таланты мен шығармашылық ізденісі өзара үйлесім тапқан.

Актерлік ансамбльдегі өзге де орындаушылар Қорқыт бейнесінің биікте көрінуіне ат салысыпты. Ажалдың кескіні – салқынқанды, жанынды суырып алардай суық. Осындаған бет-пішін мен қатал мінезді ұстанған Шынар Жанысбекованның сөзін үзбей айтуды да Қорқытты тығырыққа тірдейді. Актрисаның өзін расында жан алғыштай ұстауды, кейіпкерімен жұмыс жасауда тәсілі ой салмағы ауыр шығарманың мәні мен маңызын одан әрі тереңдеткен. Жалпы осы жан алғышқа берілген сауатты трактовка Ш.Жанысбекованның бұған дейінгі кейіпкерлерінің көркемдік деңгейінен әлдеқайда жоғары шығуына мүмкіндік туғызыпты.

Бұлардан басқа рөл орындаушылар Г.Шыңғысова (Сарын ару), Б.Тұрыс (Қарақожа), З.Көпжасарова (Қамка), Н.Жекенова (Ніке), Б.Қаптағай (бileuши Бек-Қаһан), т.б. шығарма метафорасына өзіндік үн қосқан. Соның ішінде Б.Тұрыстың ойынын ерекше айта аламыз. Оның роль орындау тәсілін Д.Байтұрсынұлы жоғарыдағы мақаласында: «Оғыз-Атаны ойнап шыққан Б.Тұрыска келер болсақ, қысқағана бір сәттік көріністің өзінде естен кептестей образды тізерлеген, қалтыраган қалпымен санамызыңдың экранына бадырайтып жазып жіберді» [3], – деп тұжырымдайды. Шынында, қай пенденің болмасын жан алғыш-әзірейілдің алдында табандылық таныта қоюы екіталаі. Сондай ауыр күйді бастан кешкен Қарақожа-Б.Тұрыс өзгеше штрихтармен фәнилік және бақылышы өмірдің салмағын таразылап берді.

Қоюшы-суретші А.Шимонистің сценографиясы мен киім эскиздері кейіпкерлер өмір сүрген дәуірді мензейді. Қорқыт заманында киім улгісінің қандай болғандығы белгісіз. Бірақ бұл жерде қоюшы-сценографтың үлкен жұмыс жасағаны көрініп түр. Режиссер мен суретшінің тандемі әрі олардың қиял байлығы барлық қатысушы кейіпкерлердің өзіндік мінездеріне, әлеуметтік орындарына, атқаратын қызметіне сай-

келетін костюм үлгісін сыйған. Әсіресе, мұйізді, қара киімді Ажал мен билеуші Бек-Қаһанның, Қорқыттың көңілдесі Нике мен Шыргайдың киімдері ерекше нақышта пішіліпті. А.Шимонис сырт пішінінен-ақ олардың кім екендігін анықтап берген.

Осындай қурделі, рухани маңыздылығы жоғары, адамтану, дүниетану және өміртану қағидаларын теренен түсіндіріп беретін шығарма тудырған литвалық шығармашылық топ қазақ топырағындағы ертеректе (аңыз бойынша) болып өткен оқигаларды философиялық тереңдіктеге жеткізді. Мұнда барлығы бар: махаббат, сезім, күй құдіреті, оптимизм, батылдық, екіжүзділік, сатқындық, т.б. Бұлар әсіресе, Ажалдың жақындарынан Қорқыт үшін жан сұраған көрінісінде ашылады, айқындалады. Осы сахнада өмір мен өлім арасындағы психологиялық құйсарапқа түседі, басына қындық тұған сәтте әрбір адамның ішкі әлеміндегі сырт ашылады.

Сонымен, кейбір деректерде қырық жыл өмір сүрген Қорқыттың ажалмен айқасы, өлімге берілмеу үшін қобызын бір сәт тоқтатпай, күй толғауы баяндалғанымен жалпы Адам. Өмір. Тағдыр философиясын жырлайтын спектакльде драматург пен режиссердің, суретші мен актерлік ансамбльдің өзара әуезді әрі келісті тандемі бар. Ендеши ізденістің тереңдігімен, жан-жақтылығымен, шығармашылық ансамбльдің кейіпкер болмысын ашуға деген аса құштарлығымен, Қорқыт бейнесі арқылы адамзаттық қағидаларды насиҳаттауымен «Қорқыттың көрі» репертуарда ұзақ тұрақтайтын кезендік қойылымдардың қатарынан орын алатыны анық.

Осы Қорқыт тақырыбын одан әрі жалғастырған Эзіrbайжан академиялық үлттық драма театры «Тамаша ойын» («Божественная игра») қойылымымен фестиваль қонақтарына тамаша ойын көрсетті. Режиссер М.Микайылов «Қорқыт ата кітабы» эпосының «Дирсе хан мен ұлы Бугач хан туралы ән» деп аталағын бірінші поэмасының негізінде этно-мюзикл жасапты.

Қызғаныш, сатқындық тәрізді адамдық қасиеттен тыс мінездер арқылы өрілетін осындай шытырман оқигаларды пластикалық әрлеумен бедрелеген орындаушылардың өнері өзгеше әсер қалдыруды. В.Гасанов (Озан әке), Н.Гульхамедова (Озан ана), П. Маммадрзаев (Озан ұл), Н.Новрузлудың (Күт) шебер ойындары, пластикалық икемділігі, ән орындаудағы ерекше дауыстары өзіндік куаты бар көркем дүние жасауға бағытталған. Сахнада бір сәт те қысынсыз паузага немесе әсерсіз қымыл-қозгалысқа жол бермен әктерлердің жұптастыры да, мизансценасы да өте ұтымды шықты.

Рөл орындаушылардың аңыздың әуенін ежелгі оғыз жұртына тән, яғни әнді немесе белгілі бір музикалық сарынды тамақпен қырылдап орындаитын мақаммен жеткізуі де өте әсерлі. Әсіресе, пластика-ның, әннің, диалогтардың сауатты құрылымы, актерлік ойынның өзгеше бір тартылыс күші арқылы аңыз атмосферасын жасауы нағыз шеберлікті танытты. Баяндаушылар қойылымның оқигасын бірде атқа шапқандай бір орында ырғы секірген, енді бірде іліп-бүгілген қымыл-қозгалыстар барысында орындауды. Көпшілік олардың осындай жанкешті ойындарынан қайткенде әділдіктің салтанат құратының іштей сезіп отырады. Жалпы бұл жерде оғыз-намеде баяндалған әлеуметтік сарын мен психологиялық қүйзелісті барлық жан тәнімен халыққа жеткізуіші дәнекер – актерлік ойынның ғажап үлгісін көргенімізді жасырмаймыз.

Сахна да сол аңыздың мотивіне, поэманың оқигасына қарай безендіріліпті. Төрдегі үш шатыр жарық арқылы түрлі түске боялған. Бұл Байындыр ханның жарлығынан байқалатын әлеуметтік органдың әртүрлілігін аңғартады. Сол сияқты М.Микайылов қанды қол қырық жасакты маска арқылы ойнатқан. Желпуіш (веер) формасындағы үлкен қара түсті ағаштың бетіне салынған ақ түстегі маскалардың бейнесі нағыз қорқаулар мен қызғаншактардың образынан хабар береді. Сахналық жинақылықта мұмкіндік туғызып, зұлымдарды шартты түрде берудегі режиссердің бұл шешімінен логиканың ізін байқады.

Жалпы сахнада басы артық ештеңе жоқ. Барлығы да: сценография, актерлік ойын, олардың пластикасы, музика, т.б. логикалық жүйеде әдемі келіскен. Эзіrbайжаннан келген спектакльдің сюжеті бимен, музикалық сарынмен баяндалатын, үлкен философиялық ойы баросы «Тамаша ойын» спектаклі тақырыптың фестивальдың өзіндік тақырыбына сәйкес келуімен ерекшеленді.

Бұл сайыста түркі елдерінің түкпір-түкпірінен жиналған және қазандық өнерсүйер қауымға қурделі классикалық трагедиядан бастап комедия, психологиялық драма, аңызға негізделген драма, музикалық комедия, трагикомедия, вербатим, этно-мюзикл жанрларындағы дүниелерді тамашалау мүмкіндігі туды. Соның ішінде кейіпкерлер мінездерінің өте қатыгездігімен, шиеленіскен шытырман оқигалар тізбегінің психологиялық түрғыдан аса ауырлығымен өзгешеленген «Тит» спектаклі болды.

Билік пен такқа таластың адамзат жаратылсымен бірге өмір сүріп келе жатқаны және болашақта да өмір сүретіні белгілі. Демек, бұл үлт пен нәсіл таңдамайды, жер мен уақыт талғамайды екен. У.Шекспирдің «қанды трагедия» деп аталаған «Тит Андроник» пьесасында осындай жәйттер асқан бір зұлымдықта, қатыгез көріністерде баяндалады.

Якутия Республикасының П.А. Ойунский атындағы Саха академиялық драма театрының репертуарындағы осы (У.Шекспирдің «Тит Андроник» трагедиясы негізінде) шығарманың көркемдік құрылымы ете жинақы жасалыпты. Мұндағы басты кейіпкер – Отаның қорғауда адал қызметімен, патриоттық, оптимистік қасиетімен ерекшеленген римдік Тит Андроник. Осы Тит пен оның қарсыласы, яғни бақталасы император Сатурнин және кек қайтарудың небір қитұрқы тәсілдерін жоспарлы түрде іске асырудың шебері, ғоттардың (гот – ежелгі дәуірдегі герман тайпасы) патшайымы Тамораның арасындағы қайшылықтың бастауы – шектен шықкан биліккүмарлық, таққа талас. Осы жолда бір-бірінің отбасын қынадай қырған олар ақыры кәзделеген максаттарына жете алмай таққа Титтің інісі Марк ие болады. Сөйтіп, адалдық, әділдік салтанат құрады.

Шытырман оқиғаның барлығы сахнадағы бір жағы төмен, бір жағы жоғары орналасқан тұғырда, яғни асты да, үсті де қызу әрекетке толы дөнес-төбешікте өтеді. Сценограф М.Егоровтың көркемдік қиялындағы бұл орынның маңызы зор. Қажет тұстарда жер астына, зынданга, орга, өлі денелердің мекеніне, т.б. айналатын бұл еден-тұғыр – қанды қасаптың да орны.

Адам қолымен жасалатын зұлымдық пен қатыгездікті бірде-бір шашау шығармай, эстетикалық сарында бедерлеу режиссердің шеберлігін байқататыны анық. Біз аталған спектакльде осы анғардық. Қоюшы режиссер С.Потапов трагедиядағы бастан-аяқ қанды оқиғаны жинақы, мәдениетті, этикаға сай көрсетудің сауатты жолын тауыпты. Ол кейіпкерлердің бірін-бірі аяусыз кескілеген көріністерінде күйршақманекендердің бастарын, аяқ-колдарын пайдаланады. Бұл бір жағынан – қанды спектакльдің тартысын терендетсе, екіншіден – жантүршігерлік көріністерді сахна занылышына сай шартты түрде баяндайды. Нақты айтқанда, көрермен белгілі шекспиртанушы А.А. Аниксттің: «Четырнадцать убийств, тридцать четыре трупа, три отрубленные руки, один отрезанный язык – таков инвентарь ужасов, наполняющих эту трагедию» [7], – деген суреттеуін көз алдынан өткізеді. Ендеше С.Потапов сауатты шешімімен сахна өнерінің өзіндік талаптарына сай, эстетикаға бай қойылым түзген деуге негіз бар.

Зұлымдықтың, адам бойынан табылатын асқан қатыгездіктің сахнадағы салмағын Г.Жұмасейтова: «Сценографическое решение спектакля, хотя и выглядело довольно простым и лаконичным, вместе с тем позволило режиссеру полной мере донести до зрителя весь ужас и хаос происходящего на сцене, цветовой колорит был расцвечен кроваво-красными пятнами» [5, 9 б.], – деп таразылайды. Негізінен У.Шекспирдің қай шығармасына болмасын шартты әрі нақты тұжырым жасаудың кілтін табу оңай емес. Бірақ С.Потапов пен М.Егоровтың ұзақ ізденісінен, зерттеу мен зерделеу барысының жан-жақтылығынан көркемдік тұтас дүние жарыққа шықты.

Спектакль басталғанда-ақ байқалған Сатурнин мен Титтің таққа таласының соны жақсылыққа әкелмейтін актерлер дауыс-дикциясындағы қатулы үні арқылы мензеп отырады. Олардың қатулы қабактары, теке-тірек сөздері бірте-бірте өткірене түседі. Жалпы бұл қойылымнан қанды трагедияны сахналаудың этикасын, актерлік ойындардағы қуат пен күшті, көпшілік сахнадағы сауатты мизансценаны анғармау мүмкін емес. Бос кеңістікте, тек дөнес тұғырдың үстінде (кейде астында) өтетін оқиғада әрбір орындаушының қызуқанды ойыны көрінді. Өзара өштескен олардың әрқайсысында тек билікке ие болсам деген ой фана бар. Осындағы трактовканы ұстанған актерлердің барлығы да сол жолда жан алысып, жан беріседі.

Олардың ойындарынан ешқандай ақау, кемшілік, жетіспеушілік, әлсіздік, сенімсіздік байқамадық. Керісінше, барлығы бір идеяның, ортақ режиссерлік интерпретацияның бағытында қызу әрі шебер ойын көрсетті.

Билікке көзсіз құмарлықтан туындаған тартыстың құрбаны болып, тілінен, екі аяғы мен екі қолынан айырылған Титтің қызы Лавинияның рөліндегі Ирина Михайлова психологиялық құрделі бейнені келісті кескіндейді. Актрисаның көзіндегі қорқыныш пен үрейдің ұшқыны, бұл сұмдықтың кімнің жасағанын айта алмай қиналуы ете нанымды. Бұдан басқа И.Луковцев (Тит Андроник), С.Баланов (Сатурнин), А.Аммосов (Бассиан), П.Садовников (Марк), И.Павлова (Тамора), т.б. ойындары да жер бетіндегі аярлықтың шекіздігін айқындал берді. Олардың ойынын: «Стихия жестокости передана через пластику актеров, мизансцены и танцы построены в форме жестких геометрических фигур. Органично в ткань спектакля введены национальное якутское песнопение с выразительными горловыми пениями» [5, 9 б.], – деп бағалайды кәсіби маман. Жалпы Саха театрының ұжымы У.Шекспирдің аталған трагедиясының оқиғасын бір деммен, бір-бірімен қысынды байланысқан көріністер желісінде баяндап берді.

Негізінен қай театр ұжымы болмасын бұл шығарманы сахналауга тәуекелі жете бермейтін немесе аса құштарлық таныта қоймайтын. Бұған аса ауыр трагедияның сахналық қысынды пішімін жасаудың қындығы, шығармадағы жан түршігерлік әрекеттер барысында ойын көрсетудің рөл орындаушыға психологиялық тұрғыдан әсер етуі себеп болса керек. Ал, посткеңестік елдер арасында ең алғаш сахналаган Саха драма театры осы кындықтармен бетпе-бет келіпті. Ұжым XVI ғасырда (шамамен 1590 жыл)

жазылғанымен тақырыптық ауқымдылығы, идеялық өзектілігі жағынан күшін жоймағандығын, керісінше мұндағы ой-идеяның қатыгездік, аярлық, қорқаулық өршіп тұрған бүтінгі жаңа ғасырға келіп жеткендігін баяндап берді.

Көп жағдайда шығармашылық ұжымдардың бір ғана қойылымы арқылы олардың негізгі көркемдік бағытын, ұстанымдарын анықтау мүмкін емес. Бұл олардың режиссурадағы кемшіліктеге, актерлік ойындардағы әлсіздікке немесе салқынқандылыққа жол беруіне байланысты болса керек. Ал, осы бір фактурасы келісті, көрнекті актерлер өнер көрсеткен ұжымның бір ғана «Тиит» қойылымынан олардың өзіндік қолтанбасын, ізденіс көзінің айқындығын танығандай болды.

Қыргызстанның «Учур» Мемлекеттік жастар театры Ш.Айтматовтың «Жан пид» романының үшінші бөлімін «Киямат» деген тақырыппен сахнаға лайықтап шығарыпты. Сахналық жүйесін түсірген және қоюшысы тәжікстандық режиссер Б.Абдураззоков.

Оқиғасы жер шарының бейнесі тәрізді дөңгеленіп, ішіне топырақ толтырылған кеңістікте өтетін спектакльде Адам. Топырақ. Өмір философиясы Базарбайдың жауыздығы арқылы беріледі. Мұндағы ойламаған жерден қасқырдың апанаңан болтіріктерін алып кеткен пасық ойлы Базарбайдың мақсаты – қүшіктерді сатып баю және онда тұз тағысын адамға тәуелді ету принципі де бар. Жазықсыз бөлтіріктер көзіне қызылды-жасылды қымбат қағаз болып көрінген кеудесі құыс пенде өзінің жасаған зұлымдығынан өзгелерге киянат келерін білмейді, білсе де өзімшілдігі оның терең ойлануына мүмкіндік бермейді.

Аккүратқа мен Тасшайнардың бөлтіріктерін өз мекеніне қайтаруды өтінген Бостонның сезінін күлак аспаған ол керісінше оның өзін кінелайды. «Сен қасқырдың саны кебейіп, адам мен малға зияны тисін деп тұрсын» дейді ол. Совхоздың мал жайылымы үшін тауға өрмелеп шығып, шұрайлы мекен ізденеген Бостонның қасындағы досы Эрназардан қапыда айырылып қалғаны да залым Базарбай үшін таптырмас айғақ болады. «Сенің көздегенің – әдейі құздан құлатып, Эрназардың әйелі Гүлумканға үйлену» деп өзінің арам ойын одан әрі нақтылауга тырысады.

Режиссер шешімімен дөңгелене отырған қатысушылар шығарма желісіне қарай кезектесе отырып, өзара тартысқа түседі. Әрқайсысы өз кейіпкерінің басынан өткен оқиғаны баяндайтын олар Бостон мен Эрназардың, Базарбай мен Гүлумканның тағдырын суреттейді. Актерлер: И.Калмуров (Бостон), Ж.Жанжигит (Базарбай), А.Болорбекулу (Эрназар), И.Токтокоюева (Гүлумкан), А.Чолпонкулова (Арзыгүл), Б.Асанова (Көк Тұрсын), т.б. автордың да қызметін атқарып, прозаның тартысты оқиғасын баяндап отырады. Олардың өзара диалогы қызу әрекеттермен байланысып, Базарбай мен Бостонның арасындағы тартысты айшықтап береді.

Жалпы «Учур» театрның ізденімпаздығын, бүтінгі күннің өзекті мәселелерін қамтитын спектакльдерін халықаралық фестивальдардан, гастрольдік қойылымдарынан немесе арнайы шақыртулардан байқап жүрміз. Олардың репертуары көрерменнің психологиясын оятатын, сана-сезіміне өзгеше әсер ететін философиялық қойылымдарға бай. Қазіргі уақытта қоғамдық-адамдық, элеуметтік-моральдық тақырыптардан ой қозғайтын бұл ұжым өздерінің жастиқ қарқындымен, көркемдік ізденістерінің жан-жақтылығымен көптеген алыс-жақын шет елдерге де танымал. Тұысқан татар жерінде де сәтті өнер көрсеткен театрға көпшіліктің ықыласы өзгеше болды. Ендеше «Әлемнің Айтматовының» күрделі шығармасын қарапайым ғана формада, бірақ метафоралық сарында баяндаган ұжымға алдағы уақытта сәттілік тілейміз.

Осындай У.Шекспир, Ш.Айтматов, Иран-Ғайып тәрізді әлем әдебиетінде манызды орны бар авторлардың көркем шығармалары ортаға салынған фестивальда қоғамға, өмірге, адамға қатысты терең ойларды насиҳаттаудан туындаған түрлі көркемдік шешімдердің күесі болдық. Ең бастысы, өзгеше режиссерлік интерпретациялар, келісті актерлік ойындар бүтінгі жаһандық театр өнерінің қарқынды даму бағытын аңғартқандай болды. Бүтінгі уақыттың сұранысы мен талабына сай нақты тұжырымдар, қалыптасқан дәстүрлі сурлеудің жаңа бағытқа қарай ойысқаны жалпы шығармашылық қиялдың шекарасы болмайтындығын дәлелдегендей болды.

Фестиваль қойылымдарынан түркі халықтарының ауыз әдебиетіндегі тамырластықты, менталдық бірлікті, тіл мен сөз құрылымындағы ұқсастықты аңғардық. Ендеше тамыры бір елдерге ортақ тек өнері мен мәдениеті ғана емес, олардың туысқандығы мен бауырмалдығы деп білеміз.

Қорыта айтқанда, шығармашылық мәдени байланыстардың дамуында өзектілікке ие болып отырған театр фестивальдері қазіргі таңдағы сахналық өнердің бағыт-бағдарын аңғартатын көрсеткіш, тиімді құрал деуге болады.

1. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007. – 372 б.
2. Назарбаев Н. Еуразия жүргегінде. – Алматы: Атамұра, 2005. – 192 б.

3. Байтұрсынұлы Д. Бұл Корқыт бұрынғы Корқыттан өзгерек... // Алаш айнасы. 15.05.2015.
4. Әуезов М. Шыгармаларының ету томдық толық жиснагы. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – Т. 21. – 384 б.
5. Жұмасейтова Г. Погучительные уроки фестиваля в Казани // Театр kz.№ 8, 2015.
6. Шекспир В. Полное собрание сочинений в 8 томах. – т. 2. – Москва: Искусство, 1958. – С.530.

Резюме

Исламбаева З.У. – кандидат искусствоведения, доцент КазНАИ им. Т.Жургенова, zetta1975@mail.ru

Жаксылыкова М. – кандидат искусствоведения, доцент КазНАИ им. Т.Жургенова, tanu.14@mail.ru

Взаимосвязь искусства братских стран

В этой научной статье рассматриваются постановки, показанные на XII международном фестивале «Наурыз», прошедшем в столице Республики Татарстан в городе Казань. Автор анализирует спектакли «Заклятие Коркута» (режиссер Й.Вайткус), «Божественная игра» (режиссер М.Микаилов), «Тиит» (режиссер С.Потапов), «Плаха» (режиссер Б.Абдураззаков).

Ключевые слова: пьеса, театр, фестиваль, режиссерское решение, актерское мастерство, театральный художник, инсценировка, художественный образ, культура.

Summary

Islambayeva Z. – candidate of art Studies, Associate professor of department of «History and Theory of theatre Arts»
T.K.Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. e-mail: zetta1975@mail.ru

Zhaxylykova M. – candidate of art Studies, Associate professor of department of «History and Theory of theatre Arts»
T.K.Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, tanu.14@mail.ru

The interrelation between art of the brotherly countries

There is an analysis of the theatre performances at the international festival «Nauryz» XII, spent in the capital of the Republic of Tatarstan in Kazan. The author puts the focus «Korkuttingkuri» (stage director J.Vaitkus), «Divine play» (stage director M.Mikailov), «Tiit» (stage director S.Potapov), «Richard III» (stage director I.Zainiev), «Ganpida» (stage director B.Abdurazzakov).

Keywords: play, theatre, festival, stage-directing, acting, scenograph, stage version, image, culture.

ӘОЖ 792.9

АКТЕР ӨНЕРІНДЕ ТІЛДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДҮРҮС ӘРІ ТАЗА БОЛУЫНЫҢ ЖОЛДАРЫ

Күдайберген С.К. –

Т.Жургенов атындағы ҰФА-ның «Сөз сөйлеу жсанрының актеры» мамандығының магистранты,
Ғылыми жетекшісі: Абзелбаев М.Н.

Мақалада жалпы актер үшін тілдің маңыздылығы мен оны қалай дамытудың жолдары туралы жазылғын. Актер ойының жемісі тілінде, сөйлеген сезінде. Актердің ішкі жан дүниесін көрерменге айқын бейнелеп көрсететін құралының маңыздысы – тіл. Тіл – қоғам өмірін үйімдастыруши басты күш болуымен бірге, әлеуметтік және экономикалық өрлеу мен дамудың, халық пен қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтардың айнасы. Болашақты ненің дүрыс, ненің бұрыс екендігіне жетейлейтін – Өнер иелері. Сол себептен де актер үшін тілдің жетік, әуезді де әдемі, таза да дүрыс болуы тиіс.

Түйін сөздер: Сахна тілі, тіл жаттығулары, тіл техникасы, тыныс жүйесі, диафрагма, дефект, артикуляция, дикция, дауыс ырғағы, дауыс биіктігі, диапазон, дауыстың күші, сөз өнері, орфоэпия.

«Ана тілі-халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құла-майтын бәйтерегі», – деп Жусіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мактандын сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі. Елбасы Н.Ә. Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін менгеру міндегі. Қорыта кетсек,

Туган елім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,
Өссе тілім, менде бірге өсемін,
Ошше тілім, мен де бірге өшемін! – деп ,

ақын Әбілдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекениң алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелен талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспзыз. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі. В.И. Ленин: "Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы" – дейді. Мұның мәні – тіл жоқ жерде адамдардың бірлесіп жұмыс істеуі, қоғамдық өндірістің қай саласын болса да ұйымдастыруы, дамытуы мүмкін емес деген сөз.

Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

"Тіл туралы" зандағы "Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді менгеру – Қазақстан Республикасының әрбір адамзатының парызы" – деген. Әрине ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – оның ана тілі. Ұлт анасы тіл болып есептеледі. Сонымен бірге ұлттың өмір сүруінің бірінші шарты. Конституциямыздың жетінші бабының бірінші тармагында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі деп анық жазған, Ата Заңымыздан туындаған "Тіл туралы" Қазақстан Республикасының заңында да осы жағдай берік қамтылған. Біздің азаматтық парызымыз – тіл заңындағы талаптарда жүйелі түрде жүзеге асыру. Ол тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаларынан да көрініс тапты.

"Тіл – біздің тұғастығымыз", "Тіл тағдыры – ел тағдыры" деп те айтып жүрміз. Соңдықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындағы қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс.

Ал Актер үшін де басты мақсат – тіл байлығының құнарын сезіну, ойналып жатқан образды тіл техникасы арқылы сомдау болып табылады. Болашақ актер үшін сахна тілі-тіл техникасының сан қырлы сыры мен қол жетпес құндылығы тілдің тұнғылғы құпиясына қазық болып қалады. Қазіргі таңда тіл мәдениеті арта түсүде. Тіл мәдениеті білімгерлердің тілін ұстарту міндеттін жүзеге асырудың амал-тәсілдерін көрсетеді. Тіл қарым-қатынас құралы. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетіне тән нормалар білімгерлердің таза, нақты, әдеби тілмен сөйлеуге, диалект сөздер қолданбауға, сөйлеген сөздері жатық, әсерлі, түсінікті болуын қадағалайды. Сонымен қатар, олардың мәнерлеп оқуын, сондай-ақ өз ойларын логикалық тұрғыдан байланыстыра, жүйелі айту дағдыларын қалыптастыруға тиіс. Тілмен жұмыс жасау барысында әрбір сөздің қажеттілігі мен ойландыратыны актерден мәтінге үзіле қарауын талап етеді. Актер оқиғаны тыңдаушысына жеткізуде әңгімелеші сюжет арқылы емес, өзінің анық тілі мен зерттелген сөзбен жеткізіп түсіндіреді. М.Балақаевтың мәдениет туралы айтқан анықтамасын тіл мәдениетімен жалғастырсақ ол өз ойын былайша көрсетеді: «Тіл мәдениеті дегеніміз - тілдік тәсілдердің ширау, жетілу дәрежесі. Сонымен қатар, ол тіл жұмысаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [1, 17 б.]. Қарап отырсақ, мәдениеттің өзі екіге бөлінеді екен. Материалдық және рухани мәдениет. Соның ішінде тіл мәдениеті рухани мәдениетке жатады. Салауатты әрі мәдениетті адамдар үшін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу қандай міндет болса, сөздердің мағынасын түсініп, астарын ашып, мәнерлеп сөйлеу негізгі шарттың бірі. Дер кезінде керекті сөзді қолдана білу, айтатын ойынның мағынасын бөліп-жармай жеткізе білу, сөзді жүйелеп айту – мәдениеттіліктің белгісі.

«Қазақ халқының тілі бай, әрі көркем тіл. Сан алуан көрікті де, қанатты сөздер, мақал-мәтедер, шешендік сөздер мен нақыл сөздер халық тілінде көркемдеп бейнелеуші, өрнектеп мәнерлеуші тәсілдер де сонда..», деп белгілі ғалым М.С. Серғалиев дөп басып айтқан. Сөзді әдемі жаза білу бар да, сауатты сөйлеу және халықта оны мән-мағыналы етіп жеткізу бар. Соңдықтан да сөздің актер үшін де маңызы зор. Себебі Актердің өзіне берілген рөлмен жұмыс жасауы, драматургтің сөзбен жазған шығармасын спектакльге айналдыруы – бәрі де тіл байлығымен жүзеге асатын процесс болып табылады. Актердің мәдени сөйлеу шеберлігін қалыптастыруда драмалық емес, мақал-мәтедерді, нақыл сөздерді көбірек

пайдалануга болады. Өйткені, мақал-мәтелдің астарында жасырынып жатқан ой асылын ұғынууды қажет етеді. Мақал мәтелдерге құрылған диалогтық сөз тізбектері актер қызуқандылығын көтеріп, сезімдерін ұштайды. Болашак ұрпақ тәрбиесіне ежелден көңіл бөлген қазақ елі мақал-мәтел, нақыл сөздерді барынша қадірлеп, барлығынан биік қойған. «Ендеше, сөз құдіреті қазақ халқы үшін бағасы шексіз қазына. Сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, ақыл-ој парасаты қалыптаспайды. Яғни, дұрыс сөйлей білу дегеніміз – дұрыс ойлай білу. «Жүйелі сөз жүйесін табар» деп дұрыс ойлап, дұрыс сөйлей білудің үлкен өнер екенін ұрпақ зердесін ұялатуда үлкен мән жатыр».

Сөз – актер үшін тек үн емес, бейнені тудыруши. Актер үшін басты міндет, біріншіден, сөз астарын ашу, екіншіден сөзді түсіну арқылы өзінің сахналық тәртібі бойынша интонация, қозгалыс қимылын, мимика, сөз, сахналық әрекеті арқылы сыртқы кескінін шығару. Білімгердің ұшқырлығы мен тапқырлығын және сөзді дұрыс қолдана білу тәсілін шындау үшін тренинг жаттығулар қажет. Сондықтан оку процесінің алғашқы жылдарында көркем сөзben жұмыс жүргізу кеңінен қойылған. Сабак процесінде білімгерлер арасында мақал-мәтел сайысын, ұсынылған жағдай немесе тақырып бойынша тренинг жаттығулар еткізген дұрыс. Себебі тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары болып табылады. А.Жапбаров тіл мәдениетінің жоғары болуына мынадай талаптар қояды: сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы; сөздің тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы; сөздердің қажет еткенде бейнелі, көркем, эмоциялы болуы; сөздердің тыңдаушы немесе ортанның қажеттілігіне сай болуы.

